

2

Екіжақты байланыс
нығаюуда

8

«Қазіргі аудитория
тез қабылдайды,
эмоция мен мағына
іздейді»

Сыр бойы

№65 (21140) 5 мамыр, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz

www.instagram.com/syrboy_kz

t.me/syrboy_kz

twitter.com/syrboy

/// ПРЕЗИДЕНТ



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТИНІҢ МАҢЫЗЫ ЭКОНОМИКАМЕН ҮЙЛЕСІМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Алматыда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңестің екінші отырысы өтті.

Президент жиында сөйлеген сөзінде әлем технологиялық трансформацияның мүлдем жаңа кезеңіне қадам басқанына назар аударды. Президенттің айтуынша, қазіргі өзгерістер XIX-XX ғасырлардағы индустриялық революциямен салыстыруға келмейді. Өйткені оның жылдамдығы мен ауқымдылығы соншалық, физикалық болмыс пен цифрлық кеңістік арасындағы шекара жойылып барады.

– Жасанды интеллект жаһандық экономиканың басты арқауы, ал үлкен деректер қоры аса маңызды ресурс санала бастады. Сондықтан Қазақстан жасанды интеллектті аса маңызды стратегиялық бағыт ретінде қарастырады. Алдымызға Қазақстанды заманауи цифрлық мемлекетке айналдыру жөнінде өрілді мақсат қойдық. Тісті институтоналдық алғышарттар мен базалық инфрақұрылым қалыптасты. Енді жасанды интеллект технологиясын экономиканың барлық саласына енгізуіміз қажет. Бұл ретте «технологиялық сактық шараларын» басшылыққа алып, ұлттық мүддені де ұмытпаған жөн, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пайымдауынша, жаңа технологиялық парадигмаға көшу үшін қазіргі жағдайға объективті, шынайы баға беру қажет. – Цифрлық экономика туралы тұжырымдама әлі толық жасақталмаған, қолданыстағы әдістеме бір ізге түспеген. Ішкі жалпы өнімді бес пайызға жеткізу туралы айтқанда, нақты экономика секторындағы өсім мен инновация нәтижесіндегі табыстың ара жігін ажырата білу керек. Жалпылама көрсеткіштер көбіне жұмыстың тиімділігін емес, алдамшы көрініс қалыптастырып жатады. Сондықтан бұл цифрландыру мен жасанды интеллекттің экономикасына қосқан нақты үлесін бағалауға мүмкіндік бермейді. Үкімет Стратегиялық жоспарлар және реформалар жөніндегі агенттікпен бірлесіп, цифрлық экономиканың ДЖӨ-ге әсерін бағалау бойынша

ұсыныстар енгізгені жөн, – деді Мемлекет басшысы.

Президент әлемдік деңгейдегі жетекші зертханалардың соңғы деректеріне сүйене отырып, дамыған және дамушы экономикалар арасындағы алшақтық тез ұлғайып келе жатқанын атап өтті.

– Жасанды интеллекттің бір ерекшелігі – капитал да, технология да көшбасшылардың қолына шоғырланады. Уақытылы әрі батыл шешім қабылдасам, ертең «технологиялық алшақтық» қысқарту қиынға соғады. Бұл – Қазақстан үшін алаңдатарлық ахуал. Қазіргі жағдайды егжей-тегжейлі саралап, нақты интеллектуалдық өнімдер жасауға қабілетіміз қаншалықты жететінін анық түсіну керек. Еліміз классикалық «Орта табыс дағдарысына» тап болды деген сарапшылардың пікірімен келіспеске амал жоқ. Мұндай кезде табиғи ресурстар мен арзан жұмыс күші секілді дәстүрлі ресурстар сарқыла бастайды, ал экономикалық өсімге серпін беретін жаңа салалар тиісті деңгейде дамымайды немесе іске қосылмайды. Экономиканың тұралауына жол бермеу үшін үлкен цифрлық платформалар құру қажет. Сол арқылы цифрлық экономикаға жедел ауысу амалын іздеген дұрыс. Мемлекеттік деректердің бірыңғай жүйесі болмаса, жасанды интеллекттен пайда жоқ. Осы орайда мемлекеттік сервистерді көзге көрінбейтін, бірақ өте тиімді операциялық жүйеге трансформациялау керек.

2-бет

ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ: ЖҮЙЕ ЖӘНЕ НӘТИЖЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Тасбөгет кентіндегі жол жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Жобаның бас мердігері – «УАД» ЖШС. Серіктестік 5,1 млрд теңгенің жобасы аясында 4,4 шақырым жолды, атап айтқанда, Н.Назарбаев даңғылының 1,2 шақырымын күрделі жөндеуде. Кенттегі Есенов және Амангелді көшелерін төрт жолақтыға кеңейту қолға алынған. Жаяу жүргінші жолы, су ағатын арнайы лотоктар орнатылуда. Жаңа асфальт төселіп, заманауи жарықшамдар орнатылады.



Айта кету керек, кейінгі жылдары өңірдегі жол инфрақұрылымы жобалары қарқынды әрі жүйелі жүргізілуде. 2022-2026 жылдары 1700 шақырым автомобиль жолы мен 35 көпір өткелін салу, күрделі жөндеу үшін 185,8 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Төрт жыл ішінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар үлесі 82-ден 95 пайызға дейін артты.

Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес, қала ішіндегі негізгі көшелермен қатар, шет аймақ жолдарын жөндеуге де басымдық берілген. Қазіргі уақытта көшелер жаңартылып, жол сапасы артты және тұрғындарға қолайлы жағдай жасалуда.

Биыл 23,6 млрд теңгеге қалаға қарасты кенттер мен ауылдық округтердегі 70 көше қайта жаңғыртылады, күрделі және орташа жөндеуден өтеді.

Өткен жылы көлік кептелісін азайту және жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру үшін бірқатар көше кеңейтілді. Атап айтқанда, әуежай, Шиелден кіреберіс, Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі аралық, Қожа Ахмет Ясауи, Жаппасбай батыр көшелері мен Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы төрт жолақты болды. Сонымен қатар, Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына дейінгі жол құрылысы жүргізілді. Арал қаласы мен Жаңақорған кентінде теміржол арқылы өтетін көпірлер, Қызылорда қаласы мен Жалағаш кентінде жаяу жүргінші өткелдері пайдалануға берілді. Алдағы уақытта Қызылорда қаласындағы «Бәйтерек» шағын ауданына жаңа көпір салу жоспарланған. Қармақшы ауданындағы теміржол үстінен өтетін көпір құрылысы да жақын арада басталады.

«СҰҢҚАР»: АЛҒАШҚЫ СЫНАҚ СӘТТІ ӨТТІ

Кеше «Байқоңыр» ғарыш айлағынан «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешені арқылы «Союз-5/Сұңқар» перспективті зымыран тасығышының алғашқы сынақ ұшырылымы сәтті жүзеге асырылды. Бұл ғарыш айлағы тарихындағы маңызды бетбұрыс болып саналады. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі таратқан ақпаратқа қарағанда, ұшу-конструкторлық сынақтар аясында зымыранның бірінші және екінші сатылары штаттық режимде жұмыс істеп, габариттік-массалық макет есептелген траекторияға сәтті шығарылған.

Бұл еліміздің әлемдік ғарыштық қызмет көрсету нарығындағы үлесін арттыруға, күрделі инженерлік нысанның пайдалануға дайын екенін растады.

«Бәйтерек» кешенінде жерүсті инфрақұрылымын жаңғырту, ұшыру жүйелерін басқару, жанармай құю және қауіпсіздік жүйелерін салу мен бейімдеуде ауқымды жұмыс атқарылған. Автоматтандыру және қауіпсіздік талаптарына толық жауап беретін заманауи кешен құрылған. Зымыран кешенінің сәтті ұшырылуы ғарышты игеруде жаңа мүмкіндіктерге жол ашды.

Еске салайық, «Бәйтерек» БК» АҚ – Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны. Экологиялық қауіпсіздіктің жоғары деңгейімен, экономикалық тиімділігімен және ұшу алдындағы операциялардың толық автоматтандырылуымен ерекшеленеді.

«СБ» ақпарат



Ашық дереккөзі

/// БАСТАМА

АУЫЛДЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ

Қамыстыбас ауылы жаңа серпінге ие болып, ел көлеміндегі маңызды реформалардың тәжірибелік алаңына айналды. Бұл ауылда іске қосылған SDG Hub – Қазақстандағы орнықты даму мақсаттарын ауыл деңгейінде жүзеге асырудың нақты әрі тиімді үлгісі. Бастама – тек жоба емес, басқару философиясының жаңаруы, халық пен билік арасындағы сенімнің нығаюы, ауылдан басталған ірі өзгерістердің айқын көрінісі.

Аталған жоба «GLOCAL – Қазақстанда ОДМ жергіліктендіруді алға тарту бойынша жаһандық әрекет» аясында жүзеге асырылып отыр. Оның басты мақсаты – халықаралық деңгейде қабылданған стратегиялық бастамаларды жергілікті халықтың нақты қажеттіліктерімен үйлестіру. Яғни, жалпыұлттық және жаһандық жоспарларды қарапайым ауыл өмірімен байланыстыру, тұрғындардың өз бола-

шағын өздері айқындалуына мүмкіндік жасау.

Жобаның жалпы бюджеті 428 мың еуроны құрайды, оның ішінде Еуропалық Одақтың үлесі 400 мың еуро болды. Бұл қаражат негізінен адам капиталына, яғни тұрғындардың білімін, біліктілігін және белсенділігін арттыруға бағытталды. Өйткені тұрақты дамудың басты тірегі – халықтың өзі.



Еуропалық Одақтың Қазақстандағы өкілінің ынтымақтастық жөніндегі басшысы Йоханнес Баур бұл бастаманың мәнін кенінен түсіндіріп, ауылдық деңгейдегі реформалардың маңызын ерекше атап өтті.

– Біздің мақсатымыз тек ірі қалалармен жұмыс істеу емес, біз ауылдық өңірлерге ерекше көңіл бөлеміз. Өйткені нақты өзгерістер дәл осы жерден басталады, – дейді Й.Баур. – Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бағытында маңызды өзгерістер жүріп жатыр. Жаңа сайланған әкімдер, мәслихаттардың күшеюі, осының бәрі халықтың шешім қабылдау процесіне қатысуын арттырады. Біз бұл үдерісті толық қолдаймыз.

6-бет

Валюта бағамы

\$ 462,91 kzt

€ 542,16 kzt

₸ 6,16 kzt

Ауа райы: Сейсенбі

☀️ +29°

☁️ +18°

Сәрсенбі

☀️ +31°

☁️ +19°

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТИНІҢ МАҢЫЗЫ ЭКОНОМИКАМЕН ҮЙЛЕСІМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Сонда шамадан тыс бюрократиялық талаптардан құтыламыз. Қазіргі жүйе бойынша сұраныс жіберуден бастап шешім қабылдауға дейінгі аралыққа бірнеше күн немесе бірнеше апта кетеді. Негізгі, аталған цикл бірнеше секундқа дейін қысқаруға тиіс. Сол кезде елдегі капитал айналымы жеделдей түседі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Дүниежүзілік банктің мәліметінше, цифрлық экономиканың әлемдік ДЖӨ-дегі үлесі 15 пайыздан асқан. Бұл жаһандық бәсекеңің тауар нарығынан дереккер мен стандарттар нарығына қарай ойысқанын анық көрсетеді.

– Бүгінгі өзгерістердің әсерін еліміз әлі толық сезіне қойған жоқ. Өткен айда Қазақстан бірыңғай кедендік рәсімдеу платформасына өтті. Енді декларация толтыру уақыты бір минуттан аспайды, құжаттардың басым бөлігі автоматты түрде қаралады. Сонымен қатар Smart Cargo ұлттық логистика платформасы жасалып жатыр. Ол 127 дерек көзіне тікелей қосылады. Тұғырнама адал жұмыс істейтін компанияларға шекарадан тез арада өтуге мүмкіндік береді. Салық саласында да түбегейлі өзгерістер орын алды. Салықтық әкімшілендірудің біртұтас жүйесі құжаттарды өңдеу уақытын бір сағаттан бір минутқа дейін қысқартып, екі миллион салық төлеушінің сервисті пайдалануын жеңілдетті. Smart Data Finance платформасының іске қосылуы – елеулі жетістіктердің бірі. Жүйе мобильді аударымдардан бастап ұшақпен сапарлауға дейінгі әрекеттердің бәрін қамтитын 78 дереккөзден аналитикалық мәлімет жинайды. Бюджетке онлайн-мониторинг жасау жүзеген миллиард теңге тәуекелі бар төлемдердің алдын алады. Ұлттық тауарлар каталогына 23 миллионнан астам өнім түрі енгізілді. Осы арқылы мемлекеттік сатып алулардың болжамдық-талдамалық моделі жасалып, жыл сайын 200 миллиард теңгеден астам қаржыны үнемдеуге болады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы цифрландыру заман талабы екенін айтты. Бұл ретте Президент Біріккен Араб Әмірліктері қолма-қол төлемсіз экономикаға көшуді жоспарлап отырғанын мысалға келтірді. Қытайдан да үлгі алуға болады. Көршілес ел жыл сайынғы триллион доллар транзакцияларды цифрлық платформада өңдеу ісін жолға қойды.

– Қазақстан да бұл бағытта оң нәтижеге қол жеткізді: еліміздегі қолма-қол ақшасыз төлемдердің үлесі 80 пайыздан асты. Осы жиынға қатысып отырған отандық фин-тех компаниялар кәсіби деңгейлері жоғары екенін көрсетті. Цифрлық теңгені кеңінен қолдану шын мәнінде «ойын ережесін» өзгертеді. Өйткені бюджеттің ашықтығын қамтамасыз етіп, транзакция үшін алынаын комиссиялық төлемдердің шығынын қысқартады. Бұл Қазақстанның дүние жүзінен көбірек капитал тартып, жетекші инвестициялық және қаржылық орталыққа айналуына көмектесуге тиіс. Билтер елімізде алғаш рет цифрлық активтер мен криптовалютаны реттейтін құқықтық база қалыптасты. Жылжымайтын мүлік, алтынды, ірі өндіріс кәсіпорындарының акцияларын және басқа да активтерді токенизация жасауға мүмкіндік пайда болды. Мақсатымыз – аймақтағы жетекші криптохабқа айналу. Үкімет пен Ұлттық банк цифрлық активтерді дамытудың басты бағыттарын бекіткені жөн. Бұл – шұғыл міндет, уақыт күтпейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент «нақты уақыт экономикасына» көшу өте маңызды екенін назар аударды. Себебі дәстүрлі жүйеде мемлекет үнемі «ізінен қуып» отырады.

– Мысалы, бюрократиялық рәсімдер мен бітпейтін келісулер қаржының тиімділігін 30 пайызға дейін азайтады. Тексеріс салық жинау кезеңінің қорытындысы бойынша жүргізіледі. Ал ол кезде бюджет қаржысы әлдеқашан игеріліп қояды. Жасанды интеллект арқылы күшейтілген платформалық тәсіл бұл ретте едәуір алға озуда жағдай жасайды. Атап айтқанда, үздіксіз предиктивті мониторинг мақсатын немесе күмәнді транзакцияларды алдын ала анықтайды. Бұл ретте тек мемлекет ресурсына сенім арту стратегиялық тұрғыдан қате екенін ескерткім келеді. Қабылданған платформалық шешім жеке капиталдың бәсекеге қабілеттілігін сақтайтын басты құрал болуға тиіс. Негізгі міндет – осындай институционалды орта қалыптастыру. Үкімет бизнесті ынталандыратын нақты ұсыныстар енгізуі керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы цифрландыру тиімділігін арттыру үшін өлшемді көрсеткіштер қажет екенін еске салды.

– Есепсіз немесе көзге көрінбейтін дүниені басқару қиын. Сондықтан

Үкімет көп сөзбай, ведомстволар деңгейіндегі жағдайға базалық есеп жүргізетін жүйені қолданысқа енгізгені жөн. Бұған салғырт қарауға болмайды, жұмысты кешіктірмеу керек. Цифрландыру мен мемлекеттік жобалардың пайдасын жан-жақты зерделеу қажет. Үкімет Digital Qazaqstan стратегиясы аясында «ізашар жобаларды» іріктеп шығарды. Оларды мұқият сараптап, экономикаға тікелей әсерін анықтау керек. Жалпы, қай салада болсын, түпкі нәтижеге жету үшін әркім жеке жауапкершіліктен қашпауы қажет. Бізде басқа таңдау жоқ: не тиімді цифрлық экономика құрамыз, не өркениет көшінің соңында қаламыз. Басқаша айтқанда, «не боламыз, не бордай тозамыз», – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, зияткерлік капиталды күшейтіп, еңбек өнімділігін арттырмаса, тек демографиялық өсім бәсекеге қабілетті ел болуға кепілдік бермейді.

– Кеңестің осыған дейінгі отырысында қабылданған шешімге сай биыл Орталық Азиядағы алғашқы Жасанды интеллект университеті ашылады. Шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестік құру арқылы іргелі және қолданбалы ғылымды дамытуды қолға алдық. Бірнеше жобаның тізімі жасалды. Олар барынша жедел таратылуға тиіс. Үкімет қысқа мерзім ішінде «ғылымнан нарыққа дейінгі» кезеңдерді түгел қамтитын тізбек жасауы керек. Алдымызда қолданбалы әзірлемелерді тез арада коммерцияландыру, салықтық ынталандыру және келешегінен көп үміт күттіретін жобаларды бірлесе қаржыландыру құралдары қарастырылған толыққанды венчурлық экожүйе қалыптастыру міндеті тұр. Мұндай пәрменді тетік болмаса, ғылыми әлеуетіміз тек академиялық ортамен шектеліп қалады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сенімді инфрақұрылымды цифрлық экономиканың тағы бір берік тұғыры ретінде атады. Бұл – технологиялық дербестіктің алғышарты. Оның маңызы энергетика немесе логистика саласынан кем түспейді.

– Есептеу қуатын, деректерді және байланыс арналарын бақылауда ұстау айрықша өзекті. Қазіргі заманда мұны өзгелерден тәуелсіз болудың бұлжымас қағидасы десек, артық айтқандық емес. Бізге жасанды интеллект пен «бұлттық» технология қызметтеріне арналған инфрақұрылымдық базаны дамыту керек. Осы бағыттағы басты жоба – «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабын» құру ісін жүйелі жүргізу қажет. Бұл – алдағы уақытта экономикамыздың жаңа индустриялық тірегіне айналатын ауқымды кластер. Мұндай орталықтар кәсіпкерлер мен ғалымдарды есептеу ресурстарымен қамтамасыз етеді. Сенімді цифрлық инфрақұрылым еліміздің стратегиялық активіне айналуға тиіс. Үкімет «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы» жобасын мұқият пысықтауы керек. Бұл ретте халықаралық стандарттар және осы саладағы жетекші компаниялар бекіткен талаптар ескерілуі тиіс. Ең бастысы, бұл аса маңызды жоспар еліміздің сұранысына сай және заманауи озық үрдістерді ескере отырып жасалғаны жөн. Дата-орталықтар – сәнді цифрлық технологиялар көрмесі емес, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев киберқауіпсіздік жіті қадағаланба, кез келген инфрақұрылым сырт беретінін мәлімдеді.

– Ұлттық технологиялық өнімнің бәрине қауіпсіздік стандарттарын енгізу керек. Дербес деректерді қорғау міндеті Конституцияда нақты бекітілді. Сондықтан бұл жұмыс құпиялық, тұтастық, қолжетімділік қағидаттарына негізделуі қажет. Мемлекеттік цифрлық қызметтердің тұрақты әрі қауіпсіз жұмыс істеуі – басты талаптың бірі. Ашықтық, жаһандық интеграция және ұлттық мүдде арасындағы теңгерімді сақтау – айрықша маңызды. Мемлекет осы жұмысты тиімді ұйымдастырғаны дұрыс. Цифрлық қауіпсіздік мәселесі виртуалды кеңістік ауқымынан әлдеқашан шығып кетті. Таяу Шығыстағы оқиғалар жаһандық тәртіптің осал тұстарын айқындап берді. Өкінішке қарай, бүгінде дамыған елдердің цифрлық инфрақұрылымына қатер төніп тұрғаны жасырын емес. Мұндай жағдайда халықаралық бизнеске қауіпсіздік ауадай қажет. Жаһандық технологиялық қауымдастық үшін институттар мен құқықтық жүйені тұрақты, ал цифрлық инфрақұрылымның сапалы болғаны өте маңызды. Қазақстанды «цифрлық хабқа» айналдыру жөнінде міндет қойдық. Демек осы талаптың үлесінен шыға білу қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге әлемнің әр түкпірінен білікті мамандар шақыру және инвестиция тарту үшін барлық жағдай жасалғанын атап өтті.

– Қазақстанды жайлы аймақтық хаб ретінде таныту үшін көші-қон үдерістері

оңтайландырылып жатыр. Оның бәрі толық цифрлық форматқа көшіріледі. Таяуда қолданысқа енгізілген «Алтын виза» осы бағыттағы елеулі шешімдердің бірі болды. Бұл визаның иегерлері ұзақ уақыт бойы еліміздің резиденті бола алады. Артық әкімшілік жүктемеден босатылады. Оларға едәуір салық жеңілдігі беріледі. Бағдарламаға қатысушылардың және олардың отбасы мүшелерінің Қазақстан азаматтарымен бірдей сапалы білім алуға, медициналық қызметті пайдалануға мүмкіндігі болады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектті тиімді қолдану үшін деректерге бағдарланған басқару моделін енгізу керек деп санайды.

– Жүйеленген деректер – жасанды интеллектті дамытудың экономикалық негізі. Мұндай деректер технологияның әлеуетін пайдаланып, өнімділікті арттыруға жол ашады. Осы ретте тіл бүкіл жүйені біріктіретін басты құрал болуға тиіс. Ең алдымен, қазақ тілін заманауи цифрлық жүйелерге толық кіріктіру керек. Сонда ғана деректерді құрылымдап, инновацияны барлық салаға енгіземіз. Ортақ деректер жинақталып, өзара үйлесімді және машина оқи алатындай форматта болуға тиіс. Әйтпесе, ең мықты алгоритмнің өзі дұрыс жұмыс істемейді, оның еш пайдасы болмайды. Қазір аса құнды аппараттың көбі архивтерде шаң басып жатыр. Оның бәрін цифрлық форматқа көшіру қажет. Біз уақыттан ұтылып, мүмкіндікті пайдалана алмай жатырмыз. Үкімет жасанды интеллект үлгілерін оқыту үшін архивтердегі және қолданыстағы мәліметтерді сапалы деректер торабына жинақтауға тиіс. Бұл жұмысқа дереу кіріскен жөн. Бұдан бөлек, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі деректер сапасын айқындайтын ұлттық стандартты бекітуі керек. Ол экономика, ғылым және бизнес өкілдеріне қолжетімді болғаны абзал. Жалпы, деректерге бағдарланған басқару үлгісіне толық көшу үшін Үкімет мемлекеттік бағдарламалардың нормативтік базасы мен мазмұнын қайта қарап шығуға тиіс. Мәліметтерді жүйелеп, «деректер қоймасы» деп аталатын бірыңғай желіге кіріктіру маңызды. Жұмыстың тиімділігі соған қарап бағаланады. Біз осы бағытта шұғыл шараларды қолға алмасақ, салынған инвестиция құмға сінген судай жоқ болады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жасанды интеллекттің стратегиялық маңызы модельдің ауқымына қарай емес, керісінше экономиканың нақты секторымен қаншалықты үйлесім тапқанына байланысты анықталатынын айтты.

– Шын мәнінде, парадигмалар түбегейлі өзгеріп жатыр. Жасанды интеллектті нақты уақыт режимінде пайдалану өсімінің басты факторы санала бастады. Сондықтан бізге деректерді, үдерістер мен адамдарды біріктіретін біртұтас жүйе құру қажет. Осындай негіз қалыптасқанда ғана пилоттық шешімдермен шектелмей, жасанды интеллекттің экономиканың барлық секторына енгізуге жол ашылады. Жаһандағы технологиялық жарыста бірде-бір ел өз бетінше жасанды интеллект әлеуетін толық пайдалана алмайды. Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес, ең алдымен, экономика және цифрлық платформа саласында келісілген тәсілдер әзірлеп, озық тәжірибелермен алмасу үшін құрылды. Осыған орай Кеңестің келесі отырысында жасанды интеллекттің өнеркәсіпке енгізу мәселесін қарастыру қажет деп ойлаймын. Өйткені өндіріс – қосылған құны жоғары өнім өндіретін және жаңа технологияны сынап көретін ең басты алаң. Бұл орайда тау-кен кешені, энергетика, агроөнеркәсіп секторы, логистика салаларындағы өнімділікті арттыру, шығынды азайту және басқару тиімділігін жетілдіру мәселелеріне баса мән беруді ұсынамын. Индустриялық деректерді дамытып, өндірістің цифрлық телнұсқаларын енгізу, сондай-ақ процестерді жаппай автоматтандыру арқылы біз стратегиялық мақсаттардың пікірталас күйінде қалмай, нақты іске ұласуына мүмкіндік жасаймыз, – деді Президент.

Жиында Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов, Sinovation Ventures және 01.ai бас директоры Ли Кай Фу, Cambrian Futures бас директоры Олаф Дж. Грот, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов, Абу-Дабидегі Халифа ғылым және технология университетінің профессоры Меруан Дебба, Тюбинг сыйлығының лауреаты Джон Хопкрофт, БҰҰ-ның «Игілікке арналған ЖИ» бастамасы атқарушы кеңесінің төрағасы Әл Мазруи Эбгесам және Oxford Insights бас директоры Ричард Стирлинг сөз сөйледі.

ЖЫЛДЫҚ ҚУАТЫ – 100 МЫҢ ТОННА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Kyzylorda Refinery» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мұнай өңдеу зауытының жұмысымен танысты. Кәсіпорын 2000 жылы құрылған, ал 2009 жылдан бері тұрақты жұмыс істейді.

Зауыттың негізгі қызметі – мұнай өңдеу. Мазут, пеш отыны және жеңіл дистиллят секілді өнім түрлері де шығарылады. Шикізат «Кен-Ай-Ойл Қызылорда», «Кристал Менеджмент» АҚ, «Галаз және компания» серіктестіктері арқылы жеткізіледі.

Зауыттың жобалық қуаты жылына 100 мың тонна мұнай өңдеуге есептелген. Қазіргі таңда өндірістік жүктеме 50 мың тонна. Өнімдер Қазақстан, Қырғызстан және Ресей нарықтарына жөнелтіледі. Кәсіпорында 95 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Бірінші тоқсан қорытындысымен 9,5 мың тонна мұнай өнімдері өндірілді. Алдағы бағыт – өндіріс көлемін ұлғайтып, өнім түрлерін әртараптандыру. Атап айтқанда, нафта (ауыр және жеңіл), еріткіштер, керосин және түрлі отын түрлерін шығару көзделген. Сонымен қатар, кәсіпорын «К5 экологиялық класты мотор отындарын өндіретін мұнай өңдеу зауыты» инвестициялық жобасын іске асыруды жоспарлаған. Жобаның жалпы құны 22,9 млрд теңге, іске асыру мерзімі 2029 жылға белгіленген.

Бұл бастамалар өңірдің индустриялық әлеуетін арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға және экономиканың тұрақты дамуына серпін береді.

/// МӘМІЛЕ

ЕКІЖАҚТЫ БАЙЛАНЫС НЫҒАЮДА



Мемлекет Басшысының инвестиция тарту, өндірісті дамыту және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, Қызылорда облысы шетелдік әріптестермен өзара тиімді байланыстарды жүйелі түрде дамытып келеді. Осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі – облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев бастаған делегацияның Қытай Халық Республикасына жұмыс сапары болды.

27-29 сәуір аралығында өткен іссапар аясында делегация Пекин, Далаң және Чанчунь қалаларында жоғары деңгейдегі кездесулер өткізіп, бірқатар стратегиялық инвестициялық жобаны талқылады.

АГРОӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ СУ РЕСУРСТАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІК

Далаң қаласында қала әкімінің орынбасары Чжао Дунмен кездесу барысында ауыл шаруашылығы, су үнемдеу технологиялары және ирригациялық инфрақұрылымды жаңғырту мәселелері қаралды. Атап айтқанда, «Юлин» компаниясымен Қызылорда облысында заманауи суару технологияларын енгізу бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Бұл жоба су ресурстарын тиімді пайдалануға, аграрлық секторды жаңғыртуға және ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қытай тарапы аталған бастаманың өңір үшін жоғары әлеуетке ие екенін атап өтті.

МАШИНА ЖАСАУ ЖӘНЕ КӨЛІК-ЛОГИСТИКА

Чанчунь қаласында Цзялинь провинциясы басшылығымен өткен кездесуде машина жасау және теміржол индустриясы салаларындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. «Марал-Нұр» ЖШС вагон жасау зауыты жобасын қытайлық серіктестермен бірлесіп жүзеге асыру жоспарлануда.

Бұл бастама өңірде жаңа өндірістер ашуға, технология трансферін қамтамасыз етуге және экспорттық әлеуетті арттыруға жол ашады.

ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

Пекин қаласында «ТІСА» компаниясымен желдету және ауаны баптау қондырғыларын өндіру жобасы бойынша келіссөздер жүргізіліп, жергілікті «Тау Групп» компаниясымен меморандумға қол қойылды. Жобаның алғашқы кезеңін іске асыру 2026 жылға жоспарланған.

Сондай-ақ «HongDa» компаниясымен Жаңақорған ауданындағы қорғасын-мырыш кен байыту фабрикасы жобасы талқыланып, құны 120 млн АҚШ долларын құрайтын жоба бойынша ынтымақтастық неғайтылды. Құрылыс жұмыстары 2027-2028 жылдары жүзеге асырылады деп күтілуде.

Бұдан бөлек, «XINDA TRANSFORMER CO., LTD» компаниясымен трансформаторлар өндіру және индустриялық парк құру жобасы пысықталды. Жоба аясында бірнеше өнеркәсіптік кәсіпорын ашу жоспарланып отыр.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТАР

Қытайлық «Yunguan Xinjia Supply Chain Management» компаниясымен техникалық қарасора өсіру және оны терең өңдеу арқылы фармацевтикалық өнім өндіру жобасы талқыланды. Бұл ауыл шаруашылығын әртараптандыруға және инновациялық бағытта дамытуға мүмкіндік береді.

Іссапар қорытындысы бойынша бірқатар қытайлық компаниямен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды. Жобаларды кезең-кезеңімен іске асыру өңірге инвестиция тартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және экономиканы әртараптандыруға серпін береді.

Қытай Халық Республикасымен дамып келе жатқан стратегиялық әріптестік Қызылорда облысының өнеркәсіптік әлеуетін арттырып, инвестициялық белсенділікті күшейтуге және өңір экономикасын жаңа сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

«СБ» ақпарат



ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕН СУСЫНДАҒАН ЕЛЕНА

Елена Пак – «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы. Жыл басында Қызылорда қаласында өткен бесінші Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысының қолынан «Шапағат» медалін алды.

Елена Шиелі ауданы Ақмая ауылында дүниеге келген. Атасы Виталий Пак күршіні болса, әжесі Светлана Лян есепші қызметін атқарды. Әкесі Владимир мен анасы Татьяна кәсіппен айналысады. Үлгілі отбасы ауылға да сыйлы. Бала күнінен зерек әрі қағылез Елена ауылдағы №49 орта мектепті бітіріп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алды.

– Тарихқа көз жүгіртсек, 1937 жылы Қыр Шығыстан Қазақстанға 98000 корей депортацияланған екен. Оның 50 мыңы Қызылорда облысына қоныстанған. Қазір бұл өңірде сол кезде келгендердің төртінші ұрпағы өмір сүріп жатыр. Менің ата-бабам Шиеліні мекен еткен. Біздің осы күнге аман-есен жеткенімізге қазақтың дарқан пейілі дәнекер. Ішерге ас, киерге киім қат уақытта қазақтар бір үзім нанын теңдей бөліп, бауырына басты. Бір шаңырақ астында бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүрді. Туған жерінен жырақтап қалған ұлтты жатсынбай камкорлық көрсету кеңпейілділік деп білемін. Атам Виталий Пак ауылда механизатор, күршіні болған, қарапайым шаруа адамы. Ал, әкем болса, ауыл ветеринары, мал шаруашылығын дамытуға үлесін қосты. Айтпақшы, әкем Светлана Лян ауылдық кеңесте бас есепші қызметін атқарды. Осылайша менің отбасым жергілікті тұрғындармен араласып-құраласып, екінші Отанына тез сіңісіп кеткен, – дейді ол.

Бүгінде Елена қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Сондай-ақ мемлекеттік тілді насихаттауда елеулі еңбек етіп келеді. «Абай қазынасына саяхат» және «Мәміле» клубтарының жетекшісі. Қазақ көркем әдебиетін ерекше жақсы көреді. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын, Абай Құнанбайұлының «Ескендір» поэмасын қызыға оқып, мазмұнын жатқа біледі. Абайдың 200-ге жуық өлеңін, Мұқағали Мақатаев пен Тұманбай Молдағалиевтің де туындыларын сүйіп оқиды. Жалындыған жастың еңбекқорлығы өзгелерге үлгі.

2021 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігі құрылды. Бұл ұйымның басты мақсат-міндеті – жастар бастамаларын дамыту, қоғамдық келісім мен бірлікті нығайту. Облыстағы бірлестікке Елена жетекшілік етті. Үш жыл мерзімде ұйым облыстық деңгейде 80-ге жуық шара, 5 ірі жобаны іске асырды. «Social assembly», «Бірлік тілі», «Ел мұрасы», «Таза орта», «Қасиетті парыз», «Жастар медиа» атты 6 бағытта өз жұмысын жандандырып, рөлін күшейтті. Сыр өңірінде этнос жастары арасында мәдениетті байыту, патриоттық бағытта шаралар мен жобаларды іске асыруына себепші болды.

– Қазақ тілін кішкентай кезімнен үйрендім. Көршіміздің бәрі қазақ болғандықтан, бір-біріміздің үйімізге барып араласып, бір үйдің баласындай өстік. Есімде, бірінші сыныпты аяқтаған соң әліппемен қоштасу кешін жүргіздім. Кішкентай корей қызының қазақша сыйрағаны көпшілікті қызықтырды. Менің қазақ тіліне деген сүйіспеншілігім одан сайын арта түсті. Жоғары сыныпқа өткенде тілді тереңірек меңгеріп, толық игердім. Сыныптастарым маған әрдайым достық пейіл танытып, қолдау білдірді. Осылайша білімге және қазақ тіліне деген қызығушылығым мені ұлттың бай тарихына жетеледі. Қазақтың салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, мәдениеті мен өнерін бойыма сіңіріп өстім. Отбасында Наурыз мерекесін ерекше тойлаймыз. Ұлттық дәм дайындап, туған-туыспен, көрші-қолаңмен мерекені атап өтеміз. Бір-бірімізге сый-құрмет көрсетіп, қонаққа шақырамыз, – дейді ол.

Быттыр облыста Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығын мерекелеу аясында еліміздің барлық өңірінен келген 100-ден астам жасты біріктіретін республикалық форум өтті. Форумның негізгі мақсаты – жұмысшы мамандықтарының мәртебесін көтеру, техникалық білім беруді дамыту, қазіргі заманғы білім беру жүйесіне жаңашылдық енгізу. Онда «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында тал егу акциясы өтті. Бұл жастар тарапынан табиғатты қорғауға бағытталған маңызды қадам болды. Форум жастарға Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен кара сөздерін оқуға кеңес беремін. Абайдың шығармалары – ұлттық тәрбиенің, рухани дамудың негізі. Жастарды адамгершілік қасиеттер негізінде тәрбиелеудің маңыздылығы да осы тұста арта түседі. Менің арманым өте көп. Қазақ тілін насихаттау жұмыстарын одан әрі дамытып, жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды жеткізу жолында еңбек етемін. Этнос жастары арасында мәдениетті байытуға, патриоттық жобаларды іске асыруға атсалысуды жалғастыра беремін, – дейді Елена Пак.

Қазақ жері – қаншама этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүріп келе жатқан қасиетті қоныс. Кейінгі уақытта қазақша сөйлейтін этнос өкілдері айтарлықтай көбейген. Оның ішінде жастардың үлесі жоғары. Елена – қазақ тілін жетік біліп ғана қоймай, өзгелерге үйретіп, мемлекеттік тілге деген құрметін көрсетіп келеді. Сондай-ақ ол еліміздің дамуы мен өркендеуіне өз үлесімді қосу азаматтық парызым деп санайды.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

ЫНТЫМАҚ – ЫРЫС ҚАЗЫҒЫ

Президент саябағында 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Бірлік. Достық. Береке» атты мерекелік шара өтті. Саябақта қолөнер шеберлерінің ұлттық нақыштағы бұйымдары мен жас суретшілердің шығармашылық туындылары қойылған көрме көпшілік назарына ұсынылды. Гүлдер және құстар фестивалі келушілерге ерекше әсер мен көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.



Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов жиналған жұртшылықты бейбітшіліктің, келісімнің мерейлі мейрамымен құттықтады.

– Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасы аясында тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жобалар жемісін беруде.

Соның бір айғағы – Президент саябағы. Бұл орын қызылордалықтардың жиі келіп, жан сергітетін жайлы мекеніне айналды. Алдағы күндері осы аумақта жылдың төрт мезгілінде жұмыс істейтін балалар тынығу лагері мен Ботаникалық бақ пайдалануға беріледі. Білім мен тәрбие, таным мен тағылым ұштастырылып, өскелең ұрпаққа мол мүмкіндік ұсынылады.

Бүгін, міне, жаңа саябақтың саясында халқымыздың рухани және жасампаз құндылықтары дәріптеліп, Бірлік күні айрықша аталуда. Бұл – ынтымақ пен достықты нығайтатын мейрам.

Бір мақсат, жарқын болашақ жолында біріккен халқымыз үшін айтулы күннің бәсі биік. Ұлт даналығында «Ырыс алды – ынтымақ» деген тағалымды сөз бар.

Расында, ынтымаққа ұйысқан жерде ырыс жүреді. Ырысымыз тасыса, ел еңесін тіктейді, мемлекеттің мерейі үстем болады. Біздің кәстері Қазақстанымызда бірлік ұғымы әркез бірінші орында.

Барлық этнос өкілдері еліміздегі игіліктерге тілекші. Бүгінде Сыр бойындағы 30-дан астам этнос өкілдері өңірімізді өркендету жолында түрлі салаларда еселі еңбек етіп, аймақ дамуына айрықша атсалысып келеді.

Облысымызда 11 этномәдени бірлестік пен 9 қоғамдық құрылым табысты жұмыс жүргізуде. Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен баршанымызды тағы да құттықтап, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін! Егемен еліміздің еңесі биік, Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болсын! – деді қала әкімі.

Мерекелік бағдарлама аясында этнос өкілдері өнер көрсетіп, көрермен қауымға ән-жырдан тарту ұсынды. Орындалған патриоттық шығармалар қоғамдағы бірлік пен татулық құндылықтарын кеңінен насихаттап, маңызын айқындай түсті.

Айта кету керек, өткен жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы аясында Қызылорда қаласында «Қазатом-өнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының демеушілігімен «Достық үйінің» жаңа ғимаратының іргетасы қаланған болатын.

Аймақ басшысының қолдауымен нысан биыл пайдалануға беріліп, онда V Ұлттық құрылтай өтті.

Бүгінде «Достық үйі» қоғамдық келісім мен этносаралық татулықты нығайтуға бағытталған бастамаларды жүзеге асыратын маңызды рухани-мәдени орталыққа айналды.

«СБ» ақпарат

ЕЛ БІРЛІГІ – ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Тәуелсіздік жылдарынан бері тойланып келе жатқан Қазақстан халқының бірлігі күні ел тұрғындарының татулығы мен бірлігінің нығая түсуіне игі ықпал етіп отырғанын айтып өткеніміз жөн. Өйткені осы жылдар тұсында да халқымыз әлеуметтік-экономикалық тұрғыда өте қиын кезеңді бастан өткерді. Бүгінгі күнгі экономикалық жағдаймен, яғни бюджет қаражатының өсімімен салыстырсақ, айырмасы жер мен көктей деуге болады. Қазіргідей қарқынды құрылыс, әлеуметтік нысандар, оның ішінде жыл сайын пайдалануға берілетін тұрғын үй санының артуы өңіріміздегі халық өсімінің көрінісі екенін байқауға болады.

Қазақстан халқының саны ресми ақпарат бойынша (stat.gov.kz/r) 2026 жылдың 1 наурызына 20532240 адам, ал Қызылорда облысында 846507 адам, оның 31241-і – түрлі этностар. Жалпы мемлекет тұрғындарының 30 пайызы – өзге этнос өкілдері.

XX ғасырдың басындағы кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясаты, 1930-1933 жылдардағы ашаршылық, Қазақстан жеріне өзге мемлекеттерден миллиондаған азаматтардың күштеп қоныс аударылуы еліміздегі тұрғылықты халық санын едәуір азайтып, қалыптасқан тіршілік арнасын бұзып жібергенін архив деректері айғақтайды.

Тағы бір дәйек, 1950 жылдары тың игеру бастамасымен бүкіл КСРО-дан қоныс аударушылар қазақ жеріне ағылғаны бар. Зерттеушілердің кей деректері бойынша осы кезеңде ел аумағында қазақ халқының саны 30 пайыздың о жақ бұ жағында болған екен.

Информбюро сайтынан алынған деректерге сүйенсек, 1939 жылы қазақ ұлты 2327625 адам, (1926 жылы – 3627612), осы арада ашаршылық кезінде 1,5 млн-дай адамның құрбан болғанын білеміз. Академик М.Қозыбаевтың мәліметінше, 1930-1933 жылдары қазақ жерінде халықтың 52 пайызы аштық құрбаны болған.

Иә, Тәуелсіздік жылдарынан бері қарай ғана елімізде халық санының өсе бастағанын көреміз. Жоғарыда айтып өттік, биылғы дерек бойынша еліміздегі жалпы халық саны 20 млн-нан асыпты. Бір қарағанда жай сан болып көрінер, бірақ мұның ар жағында халқымыздың талайлы тағдыры тұр.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Тарих» кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Айтжан Оразбаков кеңес билігінің алғашқы ширегіндегі Сыр өңірінің этнодемографиялық ахуалына қатысты нақты деректерді алға тартады.

Ғалымның зерттеулеріне назар аударсақ, 1926 жылы яғни осыдан тура бір ғасыр бұрын санақ жүргізілгенде 1,6 млн адам Қазақстанға сырттан көшіп келгенін көрсеткен. Оның ішінде 800 мыңы 1916-1926 жылдары көшіп келгені белгілі болған. Демек бұл жылдары орта есеппен жылына 80 мың адам Қазақстанға көшіп келіп отырған. Бұл кезеңде елімізде жалпы халық саны шамамен 6 млн-нан астам болды. Көріп отырғанымыздай, 20-жылдары Қазақстанға сырттан көшіп келуші көп

болғанымен, екінші жағынан, 1920-1921 жылғы ашаршылық салдарынан азайып та отырған.

«XX ғасырдың 20-жылдары Кеңес үкіметі Қазақстан жеріне басқа ұлт өкілдерін қоныс аудару саясатын қайта қолға алды. 1928 жылдың 18 қаңтарында КСРО Орталық атқару комитеті Бүкілодақтық қоныс аудару комитетіне Қазақстан Республикасындағы қоныс аударуға жататын жерлерді анықтап, құрылысы жүріп жатқан «Түркістан-Сібір» теміржолының бойындағы егін егуге жарамды жерлерге адамдарды қоныс аударуды қарастыруды тапсырса, 1928 жылдың 21 ақпанында 1928-1931 жылдарға есептелінген Солтүстік Қазақстанға 400 мың адамды көшіру туралы жоспарды бесжылдық жоспарына қосты» – деп жазыпты А.Оразбаков.

Архив деректері айғақтайды, 1937 жылы қазақ жеріне 90 шөлөнемнен жүз мыңға жуық (98454) корей ұлтының өкілі көшіріліп әкелінген. Қызылорда облысына, оның ішінде Қазылы қаласына жеткізілген 6000 корей азаматы алғашқы уақытта бос қалған мөштітерді, түрмелер мен қоймаларды мекен еткені айтылған.

Жалпы олар Қызылорда қаласына, сондай-ақ облыстың бар ауданына қоныстанып, жергілікті халықпен жақын араласа келіп, дәлірек айтсақ, тұрғылықты қазақ халқының мейірімділігі мен қамқорлығының арқасында тіршілік етіп, күнкөріске бейімделген. Уақыт өте келе корейлердің жерді игеріп, егін егуге икемділігін байқаған байырғы тұрғындар бірлесе еңбек етіп, егін шаруашылығына көңіл бөле бастайды. Шыңдығында, бұрын-соңды атакәсібі – мал шаруашылығымен айналысатын жергілікті тұрғындар енді егінге бет бұрып, тіршіліктің жаңаша тынысын ашқандай болады. Алайда 1938 жылдың көктемінде корейлерді көшірудің екінші кезеңі басталып, бұл жолы оларды Қазақстанның бір өңірінен екінші өңіріне көшіру саясаты жүзеге асырылған.

Сол XX ғасырдың ортасына қарай, аграрлық реформа бойынша тың игеру жоспарының тұсында Қазақстандағы халық саны сырттан келушілер (мигранттар) есебінен өзгеріп отырған. Бұған азамат соғысының да әсері болғаны айтылады.

Ғалым А.Оразбаковтың дерегінде айтылғандай, 20-жылдардың соңы, 30-жылдардың басында кулақтарды тап ретінде жою ісін жүзеге асыру барысында Ресей

мен Украинадан репрессияланған шаруалар Қазақстанға әкелініп, аграрлық қоныстандыру саясатымен жұмысқа тартылды. Дәлірек айтқанда, 1928-1930 жылдары Қазақстанда құрылған кеңшарлар жұмысына КСРО-ның әр түкпірінен 65 мың отбасы көшіп келген.

«1932 жылдың қаңтарындағы мәлімет бойынша Қазақстанда барлығы 180708 адам кулақ есебінде тіркеуде тұрған. Осы кезеңдегі қазақтардың сыртқа ағылған ірі көшіп-қонуына ұжымдастыру саясаты, ашаршылықтың зардабы себеп болды. 1929-1931 жылдары Қазақстандағы кеңес үкіметінің ұжымдастыру саясатына қарсылық есебінде 80 мың адам қатысқан 372 көтеріліс қазақтардың республикадан тыс жерлерге көшіуімен жалғасты.

Тарихшылар мен демографтардың пайымдауына, ашаршылық жылдары Қазақстанның 35-42 пайыз халқы қайтыс болды деп санайды. Екіншіден, 1130 мың адам Қазақстаннан тыс жерлерге көшіп кетіп, олардың біразы оралмады.

Сол 30-жылдардың басындағы аштық қырғыны Қазақстан халқына ауыр зардабын тигізді. Екінші дүниежүзілік соғыстың салдары да қазақ халқының демографиялық жағдайына кері әсер еткені белгілі. Ресми деректер бойынша бұл соғыста КСРО-дан 26 млн адам, оның ішінде 600 мыңнан аса қазақстандық қаза тапқаны айтылады.

Иә, біз жоғарыдағы деректерді не үшін келтіріп отырмыз? Халқымыз осындай қиын-қиы кезеңді, қияметті оқиғаларды басынан өткерді. Бір айта кетерлігі, қай заманда болсын, қарапайым тұрғындар үшін бейбіт өмірдің құны қымбат.

Мемлекет басшысы өткен жылғы Жолдауында: «Қазіргі заман бұлыңғыр, тұрақсыз болса да, біз бәріміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам бастық.

Менің негізгі мақсатым – осындай түрлі қатерге толы кезеңде еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Өскелең ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс. Сол үшін бәріміз бір ұлт болып, табанды еңбек етуіміз керек. Бұл – баршамызға ортақ өте маңызды жұмыс, аса жауапты азаматтық және ұлттық міндет» деген болатын.

Расында, қазір де әлемдегі геосаяси жағдай тұрақты емес. Күн сайын көзіміз көріп, құлағымыз естіп отыр. Бұл болашағын ойлайтын әрбір адамды алаңдатыры анық. Жыл санап жасанып келе жатқан өлкеміз халықтың игілігі үшін десе, жаңа Қазақстан орнатуға жұмылған жұртымыз тек бейбіт өмірді, елдің бірлігін қолдайды.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

ЖҮРЕККЕ ШИПА БОЛҒАН ДӘРІГЕР

Адам өмірінің ең қымбат қазынасы – денсаулық. Денсаулық күзетінде тұрып, талай жанның үмітін қайта тіріліп, сырқат жүрегіне жылу сыйлайтын жандар – дәрігерлер. «Ақ халатты абзал жан» деген қанатты сөз бекер айтылмаса керек. Осындай жүрегі кең, қолы шипалы, кәсібіне адал дәрігерлердің бірі – Ләззат Жұбанова.

Ләззат Серікқызының өмір жолы – еңбек пен ізденістің, табандылық пен жауапкершіліктің жарқын үлгісі. Ол 1996 жылы Әйтеке би кентіндегі Қ.Сәтбаев атындағы №216 орта мектепті бітірген соң медицина саласын таңдайды. Осы жылы Ақтөбе медицина институтына түсіп, жүрегі қалаған мамандығын қызыл дипломмен бітіріп шықты. Ал 2003 жылы Батыс Қазақстан медицина академиясын аяқтап, кәсіби маман ретінде үлкен өмірге жолдама алады.

Ол 2003-2004 жылдары терапевт-кардиолог мамандығы бойынша интернатурадан өтіп, тәжірибесін шыңдайды. Ал 2004 жылдан бастап Қазалы ауданы Жетес би ауылдық емханасында аймақтық терапевт болып қызметін бастады. Бұл дәрігер үшін ең маңызды кезеңдердің бірі еді. Себебі Әйтеке би кентіндегі халықпен етене араласып, олардың денсаулығына тікелей жауап беру үлкен білім мен төзімділікті талап етеді.

Ләззат Серікқызы 2016 жылға дейін аталған емханада табан аудармастан еңбек етіп, аймақтық терапевт ретінде талай науқастың алғысына бөленді. Оның сырқатқа қойған диагнозы, айтқан әрбір



кеңесі – өмірлік маңызы бар шешім болатын. Осы жылдар ішінде ол тек тәжірибе жинап қана қоймай, өз ісінің нағыз шеберіне айналды.

Кейінгі жылдары дәрігердің кәсіби ауқымы кеңейе түсті. 2017-2018 жылдары аудандық емханада кардиолог дәрігер әрі функционалист ретінде жұмыс істеп, жүрек ауруларын анықтаудың заманауи тәсілдерін меңгерді. Ультразвуктық зерттеу, холтер мониторингі, тредмил тест сынды күрделі диагностикалық әдістерді игеріп, науқастарға сапалы қызмет көрсетті.

2018-2019 жылдары ауданаралық аурухананың терапия

бөлімінде терапевт және узист қызметін атқарды. Бұл кезеңде оның тәжірибесі бұрынғыдан да толығып, жүрек-қан тамырлары ауруларын тереңірек зерттеп, емдеуде жаңа деңгейге көтерілді.

Ләззат Жұбанованың кәсіби жолындағы маңызды белестердің бірі 2019 жылдың қыркүйек айы болды. Осы уақытта Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде төрт ауданға – Қазалы, Қармақшы, Байқоңыр және Арал аудандарында қызмет көрсететін кардиология және ангиография бөлімі ашылды. Ол 15 төсек-орынға арналған бұл бөлімге меңгеруші болып тағайындалды. Бұл – оның көп жылғы еңбегінің, кәсіби

біліктілігінің жоғары бағалануы.

Бүгінде кардиология бөлімі 45 төсек-орынға дейін ұлғайып, өңірдегі маңызды медициналық орталықтардың біріне айналды. Ал Ләззат Жұбанова сол бөлімнің білікті меңгерушісі ретінде абыройлы қызмет атқарып келеді. Оның жетекшілігімен жүздеген науқас дер кезінде ем алып, өмірге қайта оралуға. Солардың бірі – мен. Қазақта «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген аталы сөз бар. Мен де көзбен көріп, көңілге түйгенімді шынайы құрметке лайық жандарға осы жазбам арқылы шексіз ризашылығымды білдіргім келеді.

Дәрігердің өмірі тек қызметпен ғана шектелмейді. Ол – өнегелі отбасының тірегі, аяулы ана. Отағасы Талғат Елбосынов та медицина саласының қызметкері, дәрігер. Бұл – бір мақсат, бір мұрат жолында тоғысқан жандардың жарасымды одағы. Жарасымды жұп шаңырақта үш бала тәрбиелеп отыр. Халық арасында дәрігердің шынайы бағасы – оның емделушілерінің алғысы.

Ләззат Жұбанова сынды мамандардың еңбегі әрдайым құрметке лайық. Себебі олар күн сайын адам өмірі үшін күресіп, әрбір жүректің соғуына себепкер болып жүр.

Әділбай ТӨЛЕЕВ,
Қамыстыбас ауылдық округі тұрғыны.
Арал ауданы

ЖЫЛЫ СӨЗІ ЖАНҒА ДӘРУ

Бір ғасырға жуық өмір сүрген марқұм әжем «Адам айдаса бармайсың, Құдай айдаса қалмайсың» деуші еді. Сол ескіден жеткен есті сөздің шын мәнінде тура екеніне көзім жетті. Жасың ұлғайған сайын басың ауырып, балтырың сыздайтыны белгілі ғой. Мен де осындай күй кештім. Сөйтіп, осы жолы дәрігерлерге, яғни медицина маманына жүгіндім. Әуелі Алла, бабаларға сыйынып теміржол ауруханасының дәрігері Нұрдулет Балдақовтың қабылдауына бардым. Шындығын айтқанда көптен бері дәрігерлік байқаудан өтуім еді. Бұған ел арасындағы түрлі әңгімелер, медициналық байқаудың заманауи тәсілдерге өзгергені әрі қазалылық аккредитілердің де біраз жетістікке жетіп жүргені себеп болған. Шын мәнінде мен бұған дейін ұзақ жылдар бойы Ташкентте, Алматыда, Астанада емделіп, қазалылық дәрігерлерге мүлдем көрінбеген болатынмын. Міне, арада жылдар өткеннен кейін жоғарыда айтқан дәрігерлік бақылаудан өтуге тура келді. Осылайша Нұрдулет Балдақов дәрігерлік жасайтын ақылы бөлімге барып, тексеруден өттім. Н.Балдақовтың әкесі Серік Әлжановты баршамыз білетінбіз. Кезінде өте танымал болған дәрігер қала берді облысқа, әсіресе Қазалы ауданына белгілі әкжеленді абзал жан еді. Тек өмірден ерте өтті.

«Тектілік тұқым қуалайды» демекші, сол асыл азаматтың артында қалған тұяғы Нұрдулет те медицина саласының белді де беделді маманы екен. Осылайша, ақылы бөлімге келіп, тиісті адамдармен тілдесіп, келіншегіміз екеуміз екі адамдық №8-палатаға орналастық. Екеуміздің шүйіркелесуіміз тез өтті, Нұрдулет



дәрігерлік антына берік азамат екенін танытты. Мені не мазалайтынын қосымша сұрап, өзі де ой қосып, дәрігерлік қызметін бастады. Ең бірінші жұмысы өкпе, жүректің қызметін арнайы бақылаудан өткізіп, еміміз жалғаса берді. Арада бір-екі күн өткен соң біздің қасымызға киіктің асығындай, көзінен мейірім төгілген мейірбике қызымыз келіп, бізге дәрігерлік қызмет жасауды жалғастырды. Шипа іздеп келген адамға дәрігердің айтқан жылы сөзі күшқуат берді екен. Қызымыздың есімі – Саяжан, тегі – Оразхан екенін білген соң әрмен қарай жұмысын жалғастырды. Саяжан қызымыз шынмен де атына заты сай адамға мейірім-шапағатын, қолынан келген саясын аямайтын жан болып шықты. Осылай алған еміміз жалғаса берді. Саяжан қызымызбен әңгімелесу барысында оның медицина саласында, әсіресе осы жерде біраз уақыттан бері қызмет жасайтынын, нақты мейірбике мамандығын бітіріп шыққанын біліп, марқая түстік. Мектепте жүргенде музыкамен, оның ішінде фортопианомен айна-

лысқан қарапайым жан болып шықты. Жалпы емделуші мен дәрігердің арасында ең бірінші дәрігерлік бақылаудан бұрын, адами түсінушілік болу керек деп ойлаймын. Міне, дәл осындай адамгершілік тұрғыдағы түсінушілік Саяжанның бойында мол кездеседі екен. Адаммен тіл табысуы, өзін де, қоршаған ортаны да таза ұстауы оның біліктілігін білдірсе, кез келген адаммен тіл табысуы ашық-жарқын мінезін аңғартқандай. «Адамның мінез-құлқын, ұстанымын білу үшін ғұмыр бойы олармен бірге жүру шарт емес» деген бір досым. Сол айтпақшы аз ғана сәтте ол өзін

танғалғаным бар еді. Менің санамды да «Емделушілердің бәрі Балдақов Нұрдулет сияқты адамның жаны ғана түсініп қоймай, әрі қарай жетелейтін азамат болса, Саяжан қызымыз сияқты жан-жағына сәулесін шашып тұратын мейірімді адам болса қандай керемет болар еді» деген ой биледі. Осылайша Саяжан салған сәуле тек палатаның ішін ғана емес, теміржол ауруханасының ішін көркейтіп жібергендей. Бәрежелді, Саяжан қызым!

Қашанда өзіне үмітпен қараған емделушілердің көңілінен шыға беріндер асыл жанды дәрігер мен мейірбике! Ел үшін жасаған



өзгелерге көрсете білді. Әсіресе емделушілерге. Иә, Саяжаннан төгілген сәуле өмірге деген құштарлықты, адамның алдыға ұмтылушылығын қуаттап тұрғандай. Бір атакты жазушының «Өттең шегелерді мықты адамдардан жасаса ешқашан майыспас еді» деген философиялық ойын оқып

еңбектеріңіз еселі болсын. Қашанда абырой биігінен көріне беріңіздер, Сіздерге талайға табыс тілеймін.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
Ақпарат саласының үздігі,
Қазалы ауданының
күрметті азаматы

МЕЙІРІМДІ МЕЙІРГЕРДІҢ ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕГІ

Мейіргер – медицинаның негізгі күші, дәрігердің сенімді серігі. Науқас келіп түскеннен аман-есен сауығып, аяғына нық тұрып кеткенге дейін жанашырлық танытып, қолынан келгенше аянбай ем-шаралар жасайды. Дәрігер науқасты тексеріп, тағайындауын берген соң, әрі қарайғы бар жұмысты мейіргер орындайды. Осындай үлкен жауапты талап ететін қызметпен қоса басшылықты теңдей алып жүрген, мамандығын мақтанш емес, жауапкершілік деп түсінетін тері-венерология бөлімшесінің аға мейіргері, әріптесім Төреева Гүлбақыт Сермаханқызына тоқталғым келді.



Гүлбақыт Сермаханқызы – сырқаттың бойындағы әрбір өзгерісті қалт жібермей қадағалап, науқастың дәрі-дәрмегін уақытылы берілуін, ем қабылдау барысын бақылап отыратын жауапты маман. Ем іздеп келген әрбір пациент өте сезімтал келеді. Сондықтан ем қабылдайтын жандарға

ерекше ықылас таныту керек. Сол ықыласты бойға жинаған Гүлбақыт Сермаханқызының қабілеті әркез танылып тұрады.

Ол 1987 жылдың 3 желтоқсанында Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қызылорда медициналық колледжін, 2007 жылы «Мейірбике ісі»

мамандығы бойынша бітірді. 2007-2008 жылдары №3 қалалық емхананың «Терапия» бөлімінде мейіргер қызметін атқарды. 2008 жылы облыстық тері-венерология диспансеріне мейіргер қызметіне қабылданып, 2023 жылдан бастап сол бөлімшеде аға мейіргер қызметін абыроймен атқарып келеді.

Өзінен кейінгілерге білгенін үйретіп, тәжірибелі мамандардан оқып-тоқудан жалықпайтын Гүлбақыт Сермаханқызы сынды әріптестерді алдағы 12 мамыр – «Халықаралық мейіргерлер күні» кәсіби мерекесімен құттықтап, ақ халатты кіршіксіз таза ұстап, ел саулығы жолында абыройлы қызмет ете беріңіздер деген тілек қосқым келеді.

Жанат ЖҰМАТАЕВА,
облыстық тері-венерология
диспансерінің бас мейіргері

Балалық шақ – адам дамуының ең қарқынды уақыты. Осы кезеңде патронаждық қызметтің маңызы ерекше. Балалар мейірбикесі баланы үй жағдайында бақылап, ата-аналарға дұрыс күтім мен тәрбиелеу бойынша кеңес береді. Сонымен қатар баланың салмағы мен бойының өсу динамикасын қадағалап, жас ерекшелігіне сай даму көрсеткіштерін бағалайды. Патронаж барысында мейірбике инфекциялық аурулардың алдын алу, өкпе күнтізбесін сақтау, дұрыс тамақтану және жеке гигиена ережелерін түсіндіреді. Ерте жастағы баланың денсаулығына әсер ететін қауіп факторларын анықтап, қажет болған жағдайда дәрігерге уақытылы жолдама береді.

БАЛА КҮТІМІ БЕЙҚАМДЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

Алты айдан бастап баланың жас ерекшелігіне сай қосымша тағамдарды енгізу – бала денсаулығын нығайтудың негізгі факторы. Қосымша тамақ біртіндеп, баланың ас қорыту жүйесінің дайындығына сәйкес енгізілуі тиіс. Бұл кезеңде табиғи, құнарлы және қауіпсіз өнімдерді таңдау маңызды. Қайнаған су, асылған күріш, балғын жеміс-жидек пен тазарған көкөністерден бастауға болады. Сонымен қатар, тағамның сапасы мен тазалығына ерекше көңіл бөлінуі қажет, себебі ерте жастағы балалардың ағзасы сыртқы әсерлерге өте сезімтал болады.

Дұрыс күтім тек тамақтанумен шектелмейді. Баланың ұйқы режимі, күнделікті серуендеуі, дене белсенділігі және эмоционалды жағдайлығы да оның толыққанды дамуына әсер етеді. Ата-ананың мейірімі мен қамқорлығы бала психикасының тұрақты қалыптасуына ықпал етеді. Дұрыс тамақтану мен күтім – баланың дені сау болып өсуінің негізгі кепілі.

Ерте жастағы балалардың қозғалыс белсенділігі жоғары, бірақ қауіп-қатерді бағалау қабілеті жеткіліксіз. Сондықтан тұрмыстық жарақаттар жиі кездеседі. Осы себепті ата-аналардың қауіпсіз орта қалыптастыруы қажет. Біз ата-аналарға үй жағдайында қауіпсіздікті ұйымдастыру жолдарын үйретеміз. Бұл – өткір және қауіпті заттарды баланың қолы жетпейтін жерге қою, электр розеткаларын жабу, баспалдақтармен терезелерді қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету сияқты қарапайым, бірақ тиімді шараларды қамтиды. Сонымен қатар, ұятты заттар мен дәрі-дәрмектердің дұрыс сақталуына бақылау жасау да маңызды профилактикалық әрекет болып саналады. Ғылыми тұрғыдан алғанда, тұрмыстық жарақаттардың алдын алу баланың физикалық денсаулығын сақтап қана қоймай, оның жүйке-психикалық дамуына да оң әсер етеді. Қоғамда орын алған түрлі қолалыс жағдайларды ескеріп, ата-аналарға балаларын барынша қадағалауды ұсынамыз.

Баланың ерте жастан сөйлеуіне, тілдік дамуының қалыптасуына айрықша мән берілуі керек. Себебі тілдік даму баланың ойлау, есте сақтау қабілетімен және қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатуымен тікелей байланысты. Патронаждық қызмет барысында аймақтық мейірбике баланың жас ерекшелігіне сай сөйлеу дамуын бақылап, ата-аналарға практикалық кеңестер береді. Атап айтқанда, баламен жиі сөйлесу, қарапайым сөздерді қайталау, ертегі оқу, заттарды атау арқылы сөздік қорын кеңейту ұсынылады. Сонымен қатар, баланың сөйлеу белсенділігін арттыру үшін оған сұрақ қою, жауап беруге ынталандыру және оның алғашқы сөздеріне дұрыс реакция көрсету маңызды.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғамға бейімдеу – қазіргі медициналық және әлеуметтік жүйедегі маңызды бағыттардың бірі. Мұндай балаларға тең мүмкіндік беру, олардың құқықтарын қорғау және сапалы медициналық-әлеуметтік қолдау көрсету инклюзивті қоғам қалыптастырудың негізгі қағидаларына жатады. Патронаждық қызмет барысында мейірбике ерекше қажеттіліктері бар балалардың даму жағдайын жүйелі түрде бағалап, ата-аналарға күтім мен оңалту шаралары бойынша кеңес береді. Инклюзия қағидаты бойынша әрбір бала білім беру, медициналық көмек және әлеуметтік ортаға бейімделу мүмкіндігіне тең қол жеткізуі тиіс. Бұл бағытта медицина қызметкерлері, педагогтер және ата-аналардың бірлескен жұмысы шешуші рөл атқарады.

Баланың өсуі мен дамуын жүйелі түрде бақылау – оның денсаулық жағдайындағы ауытқуларды ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік беретін маңызды профилактикалық шара. Бұл процесс баланың физикалық, психомоторлық және психосоциалдық дамуын кешенді бағалауға негізделеді. Патронаждық қызмет аясында мейірбике баланың бойының өсуін, салмақ қосуды, жүйке-психикалық даму көрсеткіштерін тұрақты түрде қадағалап отырады. Сонымен қатар, жас ерекшелігіне сәйкес даму нормаларымен салыстырып, кез келген ауытқуды дер кезінде анықтауға назар аударады. Мейірбикенің кәсіби біліктілігі бұл процесте ерекше рөл атқарады. Ол тек бақылау жүргізіп қана қоймай, алынған мәліметтерді дұрыс интерпретациялап, қажет болған жағдайда дәрігерге бағыттайды. Ерте диагностика көптеген аурулардың асқынуды болдырмауға және тиімді ем жүргізуге мүмкіндік береді. Осылайша, баланың дамуын мониторингтеу – балалар денсаулығын қорғаудағы негізгі бағыттардың бірі болып саналады және оның сапалы жүзеге асуы мейірбике қызметінің кәсіби деңгейіне тікелей байланысты.

Ақкеші ӘБУОВА,
Қызылорда қалалық №6 емханаға
қарасты Қосынырау ауылдық округі
Абай ауылдық амбулаториясының
мейірбикесі



ТӨРАҒА АРДАГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАДЫ

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәрік Дүйсенбаев Шиелі ауданындағы «Руханият орталығында» өткен аудандық ардагерлер кеңесінің кеңейтілген жиынына қатысты. Жиында екі бастауыш ұйымының төрағасы есеп берсе, алқа мүшелерінің қатысуымен басқа да өзекті мәселелер талқыланды.

Сәрік Әбішұлы өз сөзінде аймақтағы жетістіктер мен алда тұрған міндеттерге тоқтала келе, ел ақсақалдарының жұртшылыққа көрсетер өнегесі мен Президент бастамасымен қолға алынған «Заң мен тәртіп» қағидаттарын қатаң қадағалау қажеттігін де еске салды. Төраға орынбасары Жұмабек Әлиев, пленум мүшесі Әбутәліп Тоқтыбаев және Шиелі аудандық мәслихат төрағасы Мурат Тұрабаев ардагерлермен пікірлесті.

Жиын соңында кеңес төрағасы ауданның қадірменді ақсақалдары 90 жасқа толған Сейтхан Тұрысбековке және 88 жасқа толған Сейіпбек Аманжоловқа «Қызылорда облысының Құметті ардагері» төсбелгісін табыстап, шапан жауып құрмет көрсетті. Сондай-ақ бірқатар белсенді ардагерлер кеңестің Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен марапатталды.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ,
Шиелі ауданы



ЖАҢА МАУСЫМЫН БАСТАДЫ

Қалалық мәдени және демалыс паркі жаңа маусымын бастады. Осы орайда қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағамбетов шаһар тұрғындары мен қонақтарына арналған әсем де жайлы демалыс орнына арнайы барып, маусымның ашылуымен құттықтады.

– Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында облыс әкімінің үйлестіруімен шаһарымыздағы парктар, аллеялар, скверлер мен тарихи орындар қайта жаңғыртылып, тұрғындарымызға жайлы орта қалыптастырылуда. Былтыр мәдени және демалыс паркі заманауи кейіпке еніп, саялы мекенге айналды. Сондай-ақ «Қорқыт ата» сквері де қайта түлеп, жасыл желекке оранған тынығу орталығы атанды. Наурыз мерекесінде жаңа үлгіде жаңғырған Президент саябағының салтанатты ашылуы өтті. Қазір мұнда демалушыларға барлық мүмкіндік қарастырылған.

Алдағы күндері осы аумақта бой көтеріп жатқан балалар тынығу лагері мен Ботаникалық бақ пайдалануға беріледі. Өздеріңізге белгілі, аймақ басшысының қолдауымен қаламызда жарқын жобалар сәтті жүзеге асуда. Халықтың тұрмыс сапасын арттыру мақсатында жаңадан әлеуметтік нысандар ел игілігіне берілуде. Денсаулық, мәдениет және спорт салаларын дамыту, халыққа қолжетімділігін арттыру бойынша серпінді құрылыстар қолға алынды, – деді Арнұр Әлібекулы.

Қалалық мәдени және демалыс паркінде тұрғындардың тынығуына және жаз маусымында уақытты тиімді өткізуге барлық жағдай жасалған. Биыл да келушілердің көңілін сергітуге арналған танымдық және тағылымды шаралар ұйымдастырылады. Парк аумағындағы барлық ойын құралы түбегейлі тексерістен өтіп, техникалық қауіпсіздігі қатаң сақталған.

Кейінгі кезде облыс аумағында балалар алаңсыз асыр салып ойнайтын орын көптеп ашылууда. Заманауи ойын, спорттық алаңдар мен субурқактар бар. Халық демалатын орындарды абаттандыру, саябақтар мен сквер-аллеяларды қайта жаңғырту қолға алынды. Жалпы, қалада үлкен-кішілі 42 саябақ пен демалыс паркі бар. Бәрі де жаңа кейіпке еніп, келушілердің көңілін шығуда.

Бастысы, саябақтар мен демалыс орындарының жаңадан, заман талабына сай жасқалғанына тұрғындар мен балалар дән риза.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Өмірі – өнегесі, үлкендігі – ұлғи

Қазір ол қалада тұрады. Жақсы, жайлы мекен іздеп барған жоқ, жолдасының денсаулығына байланысты қам-қаракеті ғой. Әйтпесе, Жаңақорған – жердің жәннаты ғой. Өзінің жаратылысы томаша құстай демесең, тірлігі Толағайдың табысындай. Еңбекке әлі епті, қолды-аяққа тұрмай, әулеттің шаруасын тыңғылықты тындырып отыр. Сонысына қарап, үлкендігін үлгі ете алатын, жарқын жолынан өнеге өрілетін тағылым иесі дерсің.



Жалпы, адам – әрқашанда жазаған жақсы ісімен көрікті емес пе, сонда ғана жақсылық еселене түсіп, одан шарапат сезінеді. Әйтпесе, бес саусақ секілді бәрі бірдей болмайды ғой. «Мың қарға тең келмейді бір сұңқарға, мың жылқы тең келмейді бір тұлпарға» дейтіндей, адамның адамнан айырмасы болмас еді.

Біздің сөз етіп отырғанымыз – Қазақ ССР оқу ісінің үздігі, ұлағатты ұстаз Зәрекул (Зәреш) Сапабекова биыл 80 жасқа толған мерейтой иесі. Саналы ғұмырын білім саласына, ұрпақ тәрбиесіне арнаған ол Жаңақорған ауданындағы алғашқы ағылшын тілі пәнінің мұғалімі екенін ескіні бірі біле бермейді. 1966 жылы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институтты тәмамдап, туған жерге оралып, Жайылма мектебінде бастаған Зәрекулдің еңбек жолына да 60 жыл толды. Қос тойы қабақ келген ол үшін өмірдің әрбір белесі қымбат, білімге қосқан үлесі береке, ұрпақ үшін аянбаған еңбегі ерекше.

Ол кезде қазақы тәрбие қалыптасқан ауылда қыз баласына тыйым көп, қаладағы жоғары оқу орнына жібере бермейді. Білімі мектеп деңгейімен шектелетін дәстүрге берік уақыт. Осындай қысылғаң шақтың қасаң қалыбын бұзған – Зәрекул десе болады. Ол институтқа оқуға түскен ауылдағы алғашқы ару. Бұған лауазымды қызмет жасайтын әкесінің де ықпалы бар. Әкесі: «Шырағым, заман – оқығандыкі. Білімді адамның басында бақ басы тұрады. Елге серпіліс әкелем десең оқимын деген талабыңды күлтаймын» деген. «Бұрынғының аламы бұрыс кетпейді» деген осы ғой, есті сөз қаршадай қызды қанаттандырды.

Зәреш – әкесінің сүйікті қызы. Әкесі Сапабек Мұсылманқұлов КСРО, АҚШ және Ұлыбританияның Үкімет басшылары (И.Сталин, Г.Трумэн, У.Черчилль) қатысқан Потсдам конференциясында (1945 жыл) Құрметті күзетте тұрған тарихи тұлға. Ол соғыстағы ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз», «Қызыл Ту», I дәрежелі Отан соғысы, Ленин ордендерімен және «За отвагу», бірнеше медальмен марапатталған. Бейбіт заманда ел басқару жүйесінде лауазымды, жауапты қызметтер атқарған кісі. Көзі ашық, көкірегі ояу кісінің бала болашағына бейжай қарамайтыны белгілі, ақылман әкенің қолдауы зерек Зәрешті кемелдену кезеңіне көтерді.

Уақыт неткен жылдам десеңші, жылдар ағысы жылқып, Зәреш апайға қос ғасырдың (XX-XXI) жүзін көру бақыты бұйырды. Өмір өткелдері адамды шыңдайды, жетістікке жетелейді, еңбегіне қарай өсіреді. Бұл бұл ма, үлкеннің батасын, елдің алғысын алып, мыңдаған шәкіртке маңдайалды мұғалім болған мерейін қайда қоясыз? «Зәреш апай» деп оқушылар ортаға алып, қамқоршысындай қаулап, анасындай еркелейтін. Олардың нәзік сыйластығы мен сұмайытын сүйсінеділігінен асқан ұстаз үшін мәртебе бар ма? Пах шіркін-ай, бұл да бір ғанибет ғұмыр гирбаты емес пе?

Қазір өткініші жаңбырға ұқсас бәрі қас-қағым сәт секілді, бірақ әр кезеңнің салмағы зл батпан тартатын, жауапкершілігі зор жауапты міндеттемесі болды. Оны аянбай арқалай білген апайдың абыройы асқақ екен.

Осы арада бір шегініс. Зәрекул Сапабекқызы оқушы кезінде үш мектептің тәлімін алды. Алдымен, Жайылмада бастауыш сыныпты бітіріп, аудан орталығындағы №51 орта мектепте жалғастырды. Кейін Қызылорда қаласындағы Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектепте жоғары сыныптарда оқыды. Осы 1962 жылы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институттың ағылшын тілі факультетіне оқуға түсті. Төрт жыл бойы белсенді әрі өнерлі студент болып, оқу орнын үздік аяқтаған ол туған жері – Жаңақорғанға оралды. Жас маманды жылы қабақпен қарсы алған аудандық білім бөліміндегілер жаңадан ашылған Жайылма

орталау мектебіне жіберуді ұйғарды.

– Алдымен әкеммен ақылдасып көрейін, нақты жауабын ертен айтамын, – деді қыз келісімін бермес бұрын.

– Жарайды қалқам, оның да жөн.

Бұған әкесі жүрегі жарылардай қуанды. Қызының көз алдында жүріп, үйден кіріп-шыққанын қай әке жек көрсін, ауылға келгеніне көңілденіп кетті.

Ол кезде аудан мектептерінде шет тілі ретінде француз тілін оқытады екен, ағылшын тілі маманы үшін бұл оқыту процесі ешбір кедергі бола алмады. Өйткені ол Жайылма орталау мектебінде оқу ісінің меңгерушісіне тағайындалып, әрі қарай өз мамандығы бойынша пәндік жұмысын қоса атқару жүктелді.

Аудандық білім бөлімінің басшысы Максұт Ибрагимовтың көмегімен ауылда интернет ашылып, оған жыл он екі ай елден жырақ жүретін шопандардың балалары орналастырылды. Бұл да оңай шаруа болған жоқ, елді мекеннен шалғай отырған қойшы ауылдарды аяғынан тозып аралап жүріп, ата-аналардың келісімін алып, жана интернеттің оқушылармен қамтылуын қамтамасыз етті.

Мектептің педагогикалық құрамы да жинақталды. Тәжірибесі мол Нұржан апай, Молдаш ағай, өзі бар, 9 жас мұғалім сол балалардың сапалы білімі мен тәлімді тәрбиесіне жауапты болып бекітілді. Жұдырықтай жұмылып жасаған педагогикалық жұмыстың арқасында бірінші жылы-ақ орталау мектептер арасынан аудан бойынша суырылып шығып, үшінші орынға көтерілді. Бұл балалар талабын ұштаған ұстаздардың үйлескен ісінің бағасы болатын.

Осы орайда кейіпкеріміз де кестелі ой қосты. «Жаспыз, шаршау дегенді білмейміз. Қасымдағы екі мұғалім қыз біздің үйде жатып, жұмыс істейді. Үй мен мектептің арасы таяқ тастам жер. Бірақ түскі тамаққа баруға үлгермейміз. Анам тасып тұрды. Кешкілік те балалармен қосымша жұмыс жүргіземіз. Сабақ үлгерімін пысықтаймыз. Осылай таң атқаннан түннің жарымына дейін тынымсыз жұмыс жасадық» дейді Зәрекул Сапабекқызы өткен күндердің өнегесін еске алып.

1967 жыл келді. Басқа жылдардай емес, бұл жылдың жаңалығы әсерлі әрі жағымды еді.

Аты аңызға айналған «Сыр сұлу» ансамблі жаңадан құрылып, Жаңақорғанда жұмыс жасап жатқан ұстаз Зәрекулге шақырту келді. Онда Алматыда өтетін Қызылорда облысының мәдениеті мен өнерінің он күндігінде өнер көрсетуі керек делінген. Күтпеген хабар көңілге қуаныш пірімдерін қондырды. Шаттық сезімі шабыттандырып жіберді.

Студент кезінде-ақ би өнеріне бейім қыздың таланты талайды тамсандырған еді. Түрлі мәдени шаралардың сәні мен мәні болған Зәрекулге зейін ауатындай бар. Біріншіден, жеке орындау мәнерімен қоса ансамбльдің сүйемелдеуіне үйлескен ұжымдық топпен өнер көрсету шеберлігі ерекше болатын. Екіншіден, биші репертуары бай. Міне, осындай озық қырымен оның өнері бағаланды.

Алматыда ансамбльдің мерейі үстем болды. Жанрлық ерекшелігімен қатар ән-би бағдарламасы жұрт жүрегін жаулайтындай жағары талғаммен жасалған. Сондықтан «Сыр сұлуының» бәсі биіктелді. Енді осы құрамнан іріктеліп, шектеулі топ одақтың астанасы – Мәскеуде өтетін Қазақстанның он күндік декадасына қатысатын болды. Ансамбльдің таңдаулы өкілі Зәрекул Сапабекова негізгі құрамда. Оған ілтипат басым. Мәскеудің жайлы қонақ үйінен орын берілді. Декаданың дүбірге толы кештері көптің көңілінен шықты. Қаншама жүздеген көрермен ұлттық өнердің көпқырлы кереметіне тамсанды, тоқтаусыз қол соқты. Бұл жолғы өнер жетістігі одақтың баспасөз беттерінде үстін-үстін жарияланды.

Зәреш апай Мәскеудегі мәдени ірі шарадан рухани қуш алып, елге келді, еңбек майданына қайта араласып кетті. Енді оны елде тағы бір тамаша оқиға күтіп тұр еді.

Қазақ айтқандай, «Жігіт қыздан іздейді, қыз түзден іздейді» деген рас сөз екен, жүрек қалауындағы жігіт – Зинабдин әскерден оралып, жігіт жағы құда түсіп келді. Сөйтіп Зәрекул Кеңес ауылына келіп болып түсті.

Біреулер «Екі жақсы қосылмайды» деп жатады. Сол сөз жалған-ау, жашықтық ғаламатты екі жақсыны біріктіремін десе тұқ те емес екен. Құданы құдай қосады дегендей, олардың да тілегін тәңір қолдаған дейміз.

Зәрештің келіп болған ортасы тау беткейіне танымал, ошағынан оты, шаңырағынан берекесі кетпеген бақуатты ел болатын. Атасы Шермағамбет ақсақал ел қадірлісі, бес уақыт намазын қаза қылмаған ауылдың айтулы молдасы еді. Алдың ешкім кесіп өтпеген, бетіне ешкім жел болып тимеген кісі. Ондай абыройлы адамға келін болу – біріншіден бақ, екіншіден, сыни көзқарасы көп сынақ болатын. Оның үстіне, оңтүстікке тән ұлттық салт-дәстүр де қатаң сақталатыны тағы бар. Мұны мөлшерлеп, қызын бақытты болғанына тілекшісі әкесі: «Жүрек мейірім мен жұмсақтықтың мекені болуы керек. Адамның адамдығын айшықтайтын қаталдық емес, мейірім ғана. Ең алдымен, сен, барған жеріңде мейірімді бол! Екіншіден, қазақ «Төрінен карт кетпесін» деп тілеген халық. Сондықтан ата-ененді, үлкенді құрметте. Ол – қазына, ақсақалы сиреген ауылдан ар-иман қашады» деп үлкендік тәлімін аманат етіп тапсырды.

Терең сөз Зәреш апайдың санасында тұнып қалды. Текті әулеттен көрген тағылымы талдырмап қыз үшін сыралғы салтқа серкек қараудың сырын ұқтырды. Мына өлең Зәрекул Сапабекқызының 75 жас мерейтойында өмірлік серігі Зинабдин көкениң арнаусы екен. Онда жігіттің махаббаты да, құрметі де бар.

Қашық та емес іргеміз,
Бір елде өмір сүреміз.
Қызылорда атты шаһарда,
Жерлестер болып танысып,
Бірге оқып, бірге жүргеміз.
Сол кезде мұны айтқанда,
«Бір-бірімізді шын сүйгенбіз».
Жарастырып өзі жаратқан
Жарты ғасырдан аса біргеміз!
Студент кезден жолы боп,
Зәреш ортада жүрген қыз.
«Сыр сұлуында» би билеп,
Мәскеуді барып көрген қыз.
Ағылшын тілін аудаңға,
Алғаш алып келген қыз.
Әскерге кеткен жігітін,
Аулына келіп күткен қыз.
Үдесін солай орындап,
Кенес ауылына келін боп,
Көп кешікпей жеткен қыз, –
деп дәріптеп, сүйіктісіне сырын ақтарды.

Олар қасиетті Қаратаудың етегінде қоныс тепкен Кеңес ауылында тұрып, Зәреш апай №54 мектепте ағылшын тілінен дәріс оқып жүрді. Жолдасы Зинабдин Шермағамбетов мектеп директоры, оның қолы босай бермейді, көп уақыты аудан мен ауыл арасында өтеді. Үйде үлкендер бар, екі ауылдың арасында жаяу шапқылап екі-үш рет қатынауға тура келеді. Жұмыс – міндетін, шаңырақ – келін шаруасының қайнаған қазаны. Бәрін де тең ұстау, тұрақты көңіл болу – өмірдің ажырамас бөлігі, қызығы да, шыңығы да қабат тіршілік түйткілі. Қызық, сол күндер қазір қиял әлемінде, естелік болып, еске түсіп қояды. Сол 1973 жылы Кеңес ауылынан орталау мектеп ашылып, Зәреш апайдың жұмысы жеңілдегендей болды. Сөйтіп осы №239 орталау мектебінде (кейін орта) 20 жылдай жемісті еңбек етті.

– Менің өмірім өте әсерге бай, бақытқа толы. Тәңір тілеуімді берді десем, жаңылмаймын. Шыққан тегім де, барған елім де алақанына салды, ардақтай білді. Ендігі кезекте, мұғалім болғаным мақтанамын. Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы, ұс-

таз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Сондықтан ұлағатты ұстазға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.

Жалпы, мұғалім болу бір мерей, әрбір үйдің бөбегіне әріп үйретіп, тілін сындыруы бір ерлік. Сондықтан ұстаз ардақты есімге ие, – дейді Зәрекул Сапабекқызы.

Шынында, өмірдегі ең асыл адам – анаң шығар, ол тоғыз ай толғатып, жарық дүниеге әкелді. Екінші анаң – алғашқы әріп үйреткен, жарық дүние танымын ашқан ұстазың екен. Осы екі кісінің орны әрбір перзентке үнемі биік және ұлы есім.

Қасиетті мамандықтың туын түсірмей, тұғырын тіктеп, тәлімін сіңіріп, тағылымды оқырып, жыл сайын жыл құсындай жас түлекті ұшырып, жаңа буынды бауырға басып, жетілдіру ұзақ та ұлағатты жол екен.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «...Ұстаздың бала тәрбиесіндегі орны ерекше. Әр оқушының тұлға болып қалыптасуында мұғалімдер маньзыды рөл атқарады. Сондықтан біз педагогтерді әрдайым қолдаймыз. Қазақстанның болашағы – білімді ұрпақтың қолында!» деп ұстаз мәртебесін ұлықтап берді.

Расында, ұстаз – бұл тек білім беруші ғана емес, рухани жетекші, тәрбиеші. Ол адамның ішкі әлемін дамытып, өмірге деген көзқарасына, адамгершілік қасиеттеріне ықпал етеді, рухани өсуіне жол көрсетеді.

Қысқаша айтқанда, әрбір ұстаз – мұғалім, бірақ әр мұғалім ұстаз бола бермейді. Бұл ретте, Зәреш апайдың ұстаздық мерейі әрдайым үстем деп ойлаймын. Оған өзінің ұзақ жылғы іс-тәжірибесі, ерен еңбегі лайықты.

Биыл Зәрекул Сапабекқызына берекелі жыл, қос мерейтойдың қуанышы орны бөлек. Бір кездері жалындаған жас мұғалима бүгінде білім беру саласының ардагері дәрежесіне көтеріліп, осы жолға, бала болашағы үшін 60 жыл уақытты арнады. Кеудесінде маңдай тер мен үздіксіз еңбектің жарышындай Ы.Алтынсарин медалі, «Қазақ ССР оқу ісінің үздігі» төсбелгісі жарқырайды. Мұнымен қоса «Еңбек ардагері» медалі мен Оқу-ағарту министрлігінің түрлі марапатын қосыңыз. Мүмкін, мұғалім мерейі тек марапатпен өлшенбейтін шығар, ол үшін үздік шәкірттері мақтаныш. Бүгінде бір оқушысы мұхиттың арғы бетіндегі Америкадан, бірі республикадағы ең үлкен банктен хабарласады. Толассыз келген хаттар, шәкірттің ыстық лебіздері жанын жадрытып, көңілін көтеріп тастайды. Бұл сексеннің сенгірін бағындырған бақытты жанның баянды жолы.

Саналы ғұмырын бір ауданның дамуына арнаған жолдасы Зәкен, Зинабдин Шермағамбетов – бүгінде өңірге белгілі тұлға, қайраткер, зиялы қауым өкілі. Үш мектепте директор, аудандық білім бөлімін басқарып, аудан әкімінің орынбасары, бірінші орынбасары, зейнетке шыққан соң аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болған қызметтік жолы үлкен құрметке ие құтты қадамдары еді. Ноғай халқында жұбайды «жан дос» дейді. Сол айтпақшы, олар жұбын жазбаған жан дос ретінде алпыс жылға таяу бірге ғұмыр кешіп келеді.

1992 жылы Жаңақорған кентіне көшіп келіп, аудан орталығында тұру бақыты бұйырды. Бұл үй өте ыстық, қазір қиелі шаңырақ саналады. Нағыз бақыт бесігі десе болады. Осында перзенттері ержетті, ата-ананың үміті ақталды.

Зәреш апай 5 ұл-қыз өсірген ардақты ана, бүгінде балалары мемлекет дамуына атсалысқан айтулы азаматтарға айналды. Ұлағатты ұрпақтарынан 15 немере, 10 шөбере сүйіп отыр.

Қаныбек ӘБДУОВ,
Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі,
Ақпарат саласының үздігі

/// ОРАЗБЕК МАҚСҰТҰЛЫ – 70

Тұлғалар туралы жазғанда оның өмірбаянын терміштеп отырумен ойыңды тәсірлей алмайсың. Ол адамның болмыс кенін аршу керек. Менің ұстанымым – осы. Оразбек Мақсұтұлының Сыр журналистикасындағы белгілі, дара тұлға болғаны анық.

ЕҢБЕК пен ДАРЫННЫҢ ӨЗЕГІ



Алматыдағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетінен білім алып, еңбек жолын сонау 1978 жылы Сырдария аудандық газетінен бастаған Оразбек біз берікте таныс болдық.

Оқу бітіріп, «Сыр бойы» газетінде қызмет істеп жүрген кезімде, ұмытпасам, 1997 жылы Орекен облыстық телерадио хабарларын тарату комитетінен келді.

Шамалы уақыт жауапты хатшы болды, сосын редактордың орынбасарлығына отырды.

Орекен бұған дейін де бұл газетте еңбек етіп, талай маркақалармен қызметтес болыпты.

Екеуіміз көп әңгімелесуші едік. Кейде, демалыс күндері мені әңгіме айту үшін ғана жұмыс жаққа шақырады. Өзіміз де тіршілігіміз бар, бастығымыз айтып тұрғасын амал жоқтықтан барамын. Сонда небір хикаяттарды айтады. Маған ең қызығы, «Сыр бойының» біз көрмеген сырбаздары туралы әңгімелер, сосын – бильярд ойыны. Орекен бильярдты шебер ойнайтын. «Бір жақсысы, бильярдта қарсыласыңмен емес, өз катенмен күресіп ойнайсың», – деп маған бұл ойынның философиясын да түсіндіріп қоятын.

Келе-келе Орекеннің шақыруына қарамай, өзім іздейтін болдым.

Бір әңгімесінде кеңестік компания қатарына өтіп, обкомның лекторлар бөліміне қызметке барғанын айтты. «Бір жақсысы, партия тарап кетті де, журналистикаға қайтып оралдым. Әйтпегенде қызылшеке бастық болып кететін бе едім», – дейді. «Қызылшеке!..», – деп күлемін. Сөйтсем, онысы «шіренген шенеунік бола алмаймын ғой» дегені екен.

Содан демократия желпіуімен редакцияда бөлім менгерушілігіне сайлау өтіпті. Редактор Нұрділда Уәлиев сонда Орекеннің кандидатурасын қолдапты.

Өйткені, Орекен ұқыпты, ісіне өте мұқият адам. Жазуы өрнекті, дарынды, сосын ғой, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері атанғаны.

Оған қоса Орекеннің бейнеткестігі ғажап. Газеттің әр әрпі, әр тыныс белгісі үшін сағаттап қозғалмай отыра береді. Қате деген судын бетінен шыбын ұстағандай бәле, сол катені Орекен табатын. Негізі редактордың орынбасары газеттің мақалаларында әріп қатесін шығаруға міндетті емес. Оның міндеті – мақала мазмұны мен тақырыбы және оның орналасуын тексеру мен түзету. Түпнұсқамен

салыстыра отырып, әріп қатесін қою – корректордың жұмысы. Бірақ Орекен қате теріп, терін шүмектетіп төгіп отырады.

Сөзінің сірәсі, «бір жаманы» демейді, «бір жақсысы» дейді.

Орекен бір жақсысы, газетке басшылық жасаумен шектелген жоқ, жас әріптестерінің жанапшыр ағасы, ақылшы ұстазына айналды. Сол кездегі жас журналистер – Ыдырыс, Қуат, Елубай, Гүлжазира, екі Айнұр, Қаныбек, Әділжан, Айсәуле есімдері аймақ көлемінде белгілі болды.

Айнұр Батталова бір естелігіне былай жазыпты: «2005 жылы ішкі саясат басқармасы құрылып, жұмысын бастады. Сонан кейін шараларда баспасөз парағын тарату басталып, өйтіп жазындар, бүйтіп жазындар, мынаны бер, ананы жарияламан деген секілді бұйрықтар түсе бастады. Еркіндікке үйреніп алған біз біраз тірестік. Соған қарамай, сын да беріліп жатты, арыз-шағымдар да басылым бетінен көрініп жүрді».

Дәл сол еркіндікке үйреткен ұстаз Орекен еді. Ол өзі қызмет еткен кезеңдегі облыстық газет журналистерінің жазу дәстүрін жаңа бағытқа бұрды. Көркемдеп жазуды, тақырыпты тыннан тауып қоюды үйретті. Осындай қолтаңба

нақышы газет қызметкерлерінің беделін көтерді.

2005 жылы «Сыр бойы» газеті Қазақстан Журналистер академиясының ең мәртебелі жалпыұлттық журналистік сыйлығы «Алтын жұлдыз» белгісімен марапатталып, «Үздік аймақтық газет» номинациясын иеленді. Бұл жетістікте редактордың орынбасары Оразбек Мақсұтұлының орасан зор үлесі бар.

Сол кезде редакцияға белгілі адамдар көп келетін. Қазақ Төлеген деп таныған кино жұлдызы Құман Тастанбеков, дарынды ақын, зерделі зерттеуші Сейсен Мұқтарұлы, қаламы үшқыр жазушы, драматург Жолтай Әлмашев секілді атактылармен Орекен арқылы таныстым.

Шиеден сатирик Нұрмахан Елтай келген күні – біздің ауылда той. Орекен тұйық болғанмен, тұңғық адам, әзіл-қалжыны бір әлем. «Дүйсенбек өзінен басқа ақынның өленін жаратпайды», – дейді.

Ойыма осыдан екі күн бұрын газетке дайындап бер деп бұрыштама қойған үш өлең түсті. Ол өлең газетке жариялануы керек екен, мен жарамайды деп архивке жіберіппін.

Сонда Орекен бастықтық жасамайды, тапсырма қайда демейді, менің пікіріммен санап тұр. Бұл да адам бойында ұшыраса бермейтін бір жақсы қасиет қой.

Тапсырма демекші, бір күні Орекен «Саған тапсырма, қонақүйде Құман ағаң жатыр, сол кісімен әңгімелесуің керек», – деп уақытын айтты. Қағаз, қаламыңды сайлап бардым. Сөйтсем, Орекеннің өзі отыр. Дастарқан жайнап тұр. Жазу жайына қалды.

«Сондағы не тапсырма еді?» – дедім, кейін. «Құман ағаммен дастарқандас болсын дегенім», – деді Орекен.

Көп уақыт өтті, ол кезде Орекен де де сират сапарына кетіп қалған. Мен «Тапсырма» деген мақала жаздым.

Қазір жұмыссыз шақырып алатын, «тапсырма» беретін ағаларым жоқ. Ойға батқан шақтарымда қолыма қаламсабымды алып, сол асылдар туралы жазғым келеді, «тапсырмасыз-ақ». Бірақ бас әріп басқа әріптерді бастап кете алмай, ақ паракқа тесіліп қараймын.

Әріптердің орнында ыстық көз жасым жайылып жатады...

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»



ЖАРҚЫН БЕЙНЕ ЕЛ ЖАДЫНДА

Уақыт алға жылжыған сайын өмірден өткен аяулы жандардың орны айқынырақ сезіледі. Биыл білікті құрылысшы, ел дамуына сүбелі үлес қосқан азамат Молдабаев Марсбек Рүстемұлының дүниеден озғанына бес жыл толып отыр. Оның жарқын бейнесі мен ерен еңбегі ел жадында сақталып, әріптестері мен замандастарының жүрегінде мәңгілік орын алды.

Марсбек Рүстемұлы 1963 жылы Қызылорда облысының Шиели ауданында дүниеге келді.

Оның өмір жолы – ел мүддесіне қалтқысыз қызмет етудің, жауапкершілікті азаматтық парыз деп ұғынудың өнегелі мектебі іспетті. Адамның қалыптасуына уақытпен емес, артында қалған ісімен өлшеуге болса, Марсбек Рүстемұлының қалдырған ізі – кейінгі ұрпаққа бағыт-бағдар боларлық тағылым.

Еңбек жолын құрылыс саласымен тығыз байланыстырған ол облыстық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының бас маманы, аға инженері қызметтерін атқарды. Ал 1994-2003 жылдары қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасында маманнан бастап, бас инженер, бастының орынбасары лауазымдарына дейін көтеріліп, кәсіби тәжірибесін шыңдады.

2004-2006 жылдары қалалық тұрғын үй-коммуналдық жол және көлік шаруашылық бөлімінің бастығы секілді маңызды міндеттерді абыроймен атқарды. 2008-2011 жылдары Шиели кентінің әкімі ретінде елді мекеннің дамуына үлес қосты. 2011 жылдан бастап Қызылорда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басқарып, қаланың инфрақұрылымын дамытуға сүбелі үлес қосты.

Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары қызметінде жүрген уақытта аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беріп, игі істерге бастамашылық жасады.

Саналы ғұмырын ел игілігіне арнаған ол қарапайым еңбек адамының жолынан өтіп, кәсіби біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында жауапты қызметтерге көтерілді. Қай қызметте болмасын адалдықты ту етіп, өз ісіне деген жауапкершілікті бірінші орынға қойды.

Өмірінің соңғы белесінде облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы қызметін абыроймен атқарып, саладағы жоғары кәсібилігі мен ұйымдастырушылық қабілетін айқын көрсетті.

Құрылыс саласының жүйелі дамуына қосқан үлесі, сапа мен тәртіпке негізделген талапшылығы – әріптестері үшін әрдайым үлгі болды. Ол басқарған ұжымдарда іскерлік пен ұйымшылдықтың, жауапкершіліктің пен сенімнің берік қағидағары қалыптасты.

Марсбек Рүстемұлы тек білікті басшы ғана емес, адамгершілігі мол, жүрегі кең жан еді. Қарапайымдылық пен кішіпейілділікті өмірлік ұстанымына айналдырған ол айналасына қамқорлық танытып, жастарға жол сілтеп, тәжірибесімен бөлісуден ешқашан жалыққан емес. Бүгінде сол сенім үдесінен шығып жүрген шәкірттері – ұстаз аманатына адалдықтың айғағы.

Сыр өңірінің өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосқан Марсбек Рүстемұлы Молдабаевтың жарқын бейнесі мен өнегелі өмір жолы ел жадында мәңгі сақталатыны хақ.

Артында қалған ұрпақтары мен жақындарына амандық тілей отырып, асыл азаматтың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, рухы пейіштің төрінде шалқысын деп дұға етеміз.

Мұрат ТЛЕУМБЕТОВ,
облыстық мәслихат төрағасы



АУЫЛДЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ

Йоханнес Баур Еуропа елдерінің тәжірибесін мысалға келтіре отырып, жергілікті басқарудың роліне ерекше мән берді. Оның айтуынша, Польша шамамен 30 жыл бұрын Қазақстанмен бір деңгейде болды. Алайда олар жергілікті өзін-өзі басқаруды күшейтіп, өңірлерге нақты өкілеттіктер мен бюджет бөлді. Соның нәтижесінде бүгінгі күні экономикалық тұрғыдан дамыған мемлекеттердің қатарына қосылды.

Камыстыбас ауылында жүзеге асқан SDG Hub дәл осы тәсілдің нақты көрінісі болады. Мұнда алғаш рет ауыл тұрғындары өздерінің даму жоспарын әзірлеуге тікелей қатысып, басым бағыттарды өздері анықтайды. Нәтижесінде алты негізгі бағыт белгіленді: сапалы білім, гендерлік теңдік, таза су және санитария, тұрақты елді мекендер, жауапты тұтыну және теңіз экожүйелерін сақтау. Баур мырза ауыл тұрғындарының белсенділігіне ерекше тоқталды.

Бұл процесте TALD – аумақтық дамуға жергілікті тәсіл әдіснамасы қолданылды. Бұл тәсіл жоспарлау, іске асыру және мониторинг кезеңдерінің



барлығына халықтың қатысуын қамтамасыз етеді. Соның арқасында ауыл тұрғындары тек тыңдаушы емес, нақты шешім қабылдаушыға айналды. Жоба аясында 76 адам арнайы оқытудан өтіп, олардың басқару, құқықтық, талдау және цифрлық дағдылары айтарлықтай артты. Оның ішінде 24 тұрғын үш жұмыс тобына бірігіп, ауылды дамыту бағдарламасын әзірлеуге және іске асыруға тікелей қатысты. Осының өзі халықтың өз тағдырына бейжай қарамай, белсенді ұстаным танытқанын көрсетеді.

Сонымен қатар жоба шеңберінде

жергілікті бастамаларды қолдау механизмі енгізілді. Нәтижесінде үш жоба қаржыландырылып, олардың жалпы құны 18 млн теңгеден асты. Олар әлеуметтік қызметтерді дамытуға, экологиялық мәселелерді шешуге және ауыл инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған. И.Баур осы тұста тұрғындар бастамаларының нақты жүзеге асуының маңызын ерекше атап өтті.

Ең маңыздысы адамдар өз идеяларының жүзеге асқанын көруі, егер тұрғындар өз ұсыныстарының нақты жоспарға еніп, іске асырылып жатқанын байқаса олардың белсенділігі

артады. Бұл тұрақты дамудың негізгі қағидасы, – дейді маман. – Жоба аясында көпдеңгейлі серіктестік жүйесі де қалыптасты. Мемлекеттік органдар, азаматтық қоғам және жергілікті тұрғындар арасында тиімді байланыс орнады. Өз кезегінде басқару сапасын арттырып, қабылданатын шешімдердің нәтижелілігін күшейтті. – Бүгінгі таңда Еуропалық Одақ Орталық Азияға ірі көлемде инвестиция бағыттап отыр – мысалы энергетика саласына шамамен 4,8 млрд еуро бөлінді – бұл қаражат жаңартылатын энергия көздерін дамытуға – энергия тиімділігін арттыруға бағытталған. Қызылорда жерінің ең ірі потенциалы күннен энергия алу болып табылады. Бұл жобалар ауқымды түрде талқыланып, іске асытынына сенімдімін. Су ресурстары – Орталық Азия үшін ең үлкен сын-қатердің бірі. Болашақта бұл негізгі мәселеге айналса мүмкін, сондықтан біз су мен энергетика саласында заманауи технологияларды енгізіп, мемлекетаралық ынтымақтастықты күшейтуіміз қажет.

Баур мырза көлік және логистика саласына қатысты да қандай жұмыс жүріп жатқанына тоқтала кетті. Оның айтуынша, Орталық Азиядағы көлік инфрақұрылымын дамытуға шамамен 10 млрд еуро инвестиция қарастырылған. Бұл Еуропа мен Азияны байланыстыратын стратегиялық дәліздерді дамытуға бағытталған. Қызылорда облысы осы тұрғыдан маңызды логистикалық орталыққа

айнала алады. Ол өңірдің географиялық артықшылықтарын да атап өтті. Аймақ Еуропа – Орталық Азия – Қытай бағыты бойынша маңызды транзиттік торапқа айналып келетінін баяндап, инфрақұрылымды дамыту бүкіл өңірдің экономикалық өсіміне ықпал ететінін айтты.

Сонымен қатар Global Gateway бағдарламасы аясында инфрақұрылым, энергетика, цифрландыру және экология салаларында ірі жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бұл ұзақ мерзімді серіктестіктің берік негізі ретінде қарастырылады.

Білім беру саласы да назардан тыс қалған жоқ. Erasmus+ бағдарламасы арқылы студенттер мен оқытушыларға халықаралық тәжірибе алмасу мүмкіндігі ұсынылады. Бұл ауыл жастары үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Камыстыбас ауылында тұрғындар пікірі ескеріліп, әр ұсыныс нәтижеге ұласып жатыр. Бұл – қоғамдағы сенімнің, бірліктің және жауапкершіліктің көрінісі.

Сондай-ақ Камыстыбас – бүгін тек ауыл ғана емес, жаңа Қазақстанның үлгісі. Мұнда халық өз болашағын өзі қалыптастырып жатыр. Бұл жерде басталған өзгерістер ертең басқа өңірлерге таралып, тұтас елдің дамуына серпін беретіні сөзсіз.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»



ӘЛЕМНІҢ ЖАРЫҒЫН СЫЙЛАҒАН

Баласы үшін ананың орны бөлек. Есейіп кетсек те, анаға біз мәңгі сәби екеніміз рас. Анамыздың дүниеден өткеніне 60 жылға жуық уақыт болса да, бала көңіл анамызды аңсап, сағынып тұрады.

Әкеміз көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Тәкей Есетов – Қазалы ауданының тумасы. Алғашқы еңбек жолын 1941 жылы аудандағы сауатсыздықты жою курсына сабақ беріп, халық сотының жауапты хатшысы қызметінен бастаған ол 1942 жылы Кеңес Армиясы қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына қатысады. Жас жауынгер Ленинград майданында Лолога көлі үшін болған қанды шайқаста ауыр жараланып, елге қайтады. Туған ауданында жауапты қызметтер атқарған әкеміз сол 1943 жылы анамыз Құралай Қарібайқызымен отау құрады. Иә, Құралай анамыз болашақ жары өзіне тұңғыш рет сөз салғанда мүлде жас екен. Отбасының тәлім-тәрбиесін, қызға тән ұлттық бітім-болмысын ол бойына молынан сіңірген бойжеткен майдангер жігіттің сезімін сыпайы қабылдайды. Ол кезде әкеміз бар болғаны жиырма үш, өзі ол сегіз жаста болыпты. Кейін екеуі балалы-шағалы болып, қоғам жұмысына белсене араласды.

Сол күні осынау мерекені қабат перзентханада жатқан анамыз қыз бала босанып, қуанышты хабар дастарқан басында отырған мәртебелі қонақтың құлағына шалынады. «Адамзат баласы айға ұшып жатқан дәурде дүниеге келген сәбидің есімі Айгүл болсын» деген қонақтың ұсынысын әулеттің үлкен-кішісі зор ризашылықпен қабылдайды. Сол Айгүл қарындасымыз талай жыл елшілік қызметте болған жұбайы Бақыт Арыстановпен қазір Астана қаласында тұрады. Балалы-шағалы қарындасымыз немерелерінің сүйікті әжесі де. Иіміз Еркінбек те – үйлі-баранды, Қызылорда қаласының байырғы тұрғыны. Біз ағам Қайырбек екеуіміз Арал қаласында құрметті демалыстамыз. Бүгінгі күні ауыл ақсақалына айналдық.

Ағам Қайырбек Тәкейұлы марқұм анамыз Құралай Қарібайқызымен қазак әйеліне тән биязы, мейірімді адам болғанын сағынып еске алады: «Әкеміз ол кездері Арал аупарткомының бірінші хатшылығына тағайындалғанына жыл өткен. 1966 жылғы қыс айының бірінде әкем, анам, мен және қарындасым Айгүл бәріміз сол кездегі астанамыз Алматы қаласына бардық. Бұл – әкеміздің Қазақстан Компартиясының зекеті сөзіне барған сапары болатын. Бізді Д.Қонаевтың көмекшісі Дүйсетай Бекежанов күтіп алды. Сол сапарда Димаш Ахметұлының отбасында қонақта болдық». Анамыз қайтыс болғаннан кейін 1969 жылы Сыр бойына жасаған ресми сапарында Д.Қонаев Аралға арнайы атбасын бұрып, отбасына көңіл қосып билдірген болатын.

Қайырбек ағам әңгіме арасында анамыз туралы тағы бір жайттарды еске түсіріп: «Аралдағы №13 мектепте әуелі есепші болған анамыз Н.Гоголь атындағы пединституттың түлегі еді. Әкеміз бірер жыл обкомда қызмет атқарғанда ағам Қызылорда қаласындағы Ф.Мұратбаев атындағы мектепте шәкірттерге тарих пәнінен дәріс берген. Ағам ауырып жатқанда Д.Қонаевтың жұбайы Зүһра Шәріпқызы Алматыдағы ауруханаға көңілін сұрай келгені әлі күнге көз алдымада», – дейді.

Анамыз Құралай Қазалы аудандық білім бөлімінде қарапайым есепші болса, Ленинград қаласынан жоғары оқу орнын үздік тәмамдап, елге оралған әкеміз екеуі 1955 жылы қызмет бабымен көршілес Арал қаласына қоныс аударады. Әкеміз Тәкей Есетов аудандық қаржы бөлімінің басшысы, анамыз Құралай Қарібайқызы қаладағы №13 орта мектепте мұғалім болып қызметке орналасады. Қолдарында Жүсіпбек, Қайырбек, Әділбек есімді жас балалары бар отбасы осы жерде өсіп-өнеді. Болашақ қайраткер аупарткомда бөлім меңгерушісі, хатшы қызметін қалыңсыз атқарып, жағалау жұртының сеніміне бөленеді, шексіз құрметке ие болады.

Анамыздың руы Жиенейдің Қабаны. Ауылының аты бұрын Жанкент, одан №6 ауыл, қазір Оркентеу. Нағашы әкеміз Күміс – Төртқараның Матайы. Аштықты да, жоқшылықты да көп көрген кісілер. Әкеміз өзінен үш, бәйбішелерден сегіз баланы өзі бағып-қағып жеткізіпті. Өткен жылдары Қайырбек ағам екеуіміз жиендеріміз бен бала-шағамызды ертіп, әкеміздің басына барып, зиярат етіп қайттық. Анамыздың апасы Маржан 1971 жылы Қызылорда қаласындағы Шара деген қызының қолында қайтыс болды.

Анамыз қызметке қандай тиынқты болса, үй шаруасында да сондай ұқыпты болады. Араға жылдар салып, Еркінбек есімдінім, Айгүл есімді қарындасым дүниеге келіп, шаңырағамыздың керегесі кені түседі. Анамыз жұбайының қарт анасы мен бес баласына мейірімін аямай төгеді.

Жақсы әйел – жаңаның шамшырағы, ерінің жанашыры, айнымас ақылшысы. Кіші жүздің әйгілі биі Әйтеке бабамыз бұл жайында «Ният жаманның иманы кетер, әйелі жаманның мейманы кетер, Алланың сүйгені – азан, халықтың сүйгені – қазан» деген екен. Құралай анамыз мәдениетті, қонақжай әйел болады. Оның кең дастарқанынан заманында ел билеген басы да, зиялы қауым өкілдері де, қарапайым малшы мен балықшы да дәм татқан еді. «Әйел қырық шырпақты» деген ұлтымның ұғыммен ұйысқан мәрте Құралай ана туралы қолдағы деректерге көз жүгіртіп отырғанда ойына ой, ақалына ақыл қосқандай болады. Ол осындай әйел аналарға байланысты айтылған айықтай мәтелге лайықты жан еді.

Анамыздың руы Жиенейдің Қабаны. Ауылының аты бұрын Жанкент, одан №6 ауыл, қазір Оркентеу. Нағашы әкеміз Күміс – Төртқараның Матайы. Аштықты да, жоқшылықты да көп көрген кісілер. Әкеміз өзінен үш, бәйбішелерден сегіз баланы өзі бағып-қағып жеткізіпті. Өткен жылдары Қайырбек ағам екеуіміз жиендеріміз бен бала-шағамызды ертіп, әкеміздің басына барып, зиярат етіп қайттық. Анамыздың апасы Маржан 1971 жылы Қызылорда қаласындағы Шара деген қызының қолында қайтыс болды.

Анамыз қызметке қандай тиынқты болса, үй шаруасында да сондай ұқыпты болады. Араға жылдар салып, Еркінбек есімдінім, Айгүл есімді қарындасым дүниеге келіп, шаңырағамыздың керегесі кені түседі. Анамыз жұбайының қарт анасы мен бес баласына мейірімін аямай төгеді.

Жақсы әйел – жаңаның шамшырағы, ерінің жанашыры, айнымас ақылшысы. Кіші жүздің әйгілі биі Әйтеке бабамыз бұл жайында «Ният жаманның иманы кетер, әйелі жаманның мейманы кетер, Алланың сүйгені – азан, халықтың сүйгені – қазан» деген екен. Құралай анамыз мәдениетті, қонақжай әйел болады. Оның кең дастарқанынан заманында ел билеген басы да, зиялы қауым өкілдері де, қарапайым малшы мен балықшы да дәм татқан еді. «Әйел қырық шырпақты» деген ұлтымның ұғыммен ұйысқан мәрте Құралай ана туралы қолдағы деректерге көз жүгіртіп отырғанда ойына ой, ақалына ақыл қосқандай болады. Ол осындай әйел аналарға байланысты айтылған айықтай мәтелге лайықты жан еді.

Анамыздың руы Жиенейдің Қабаны. Ауылының аты бұрын Жанкент, одан №6 ауыл, қазір Оркентеу. Нағашы әкеміз Күміс – Төртқараның Матайы. Аштықты да, жоқшылықты да көп көрген кісілер. Әкеміз өзінен үш, бәйбішелерден сегіз баланы өзі бағып-қағып жеткізіпті. Өткен жылдары Қайырбек ағам екеуіміз жиендеріміз бен бала-шағамызды ертіп, әкеміздің басына барып, зиярат етіп қайттық. Анамыздың апасы Маржан 1971 жылы Қызылорда қаласындағы Шара деген қызының қолында қайтыс болды.

Сол кездегі ел ағаларының бірі – облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Сәлімгерей Токтамысовқа Аралдан обкомға бөлім меңгерушісі қызметіне ауысқан әкеміз жанажылдық дастарқаннан дәм татуға қолқа салады. Бұл 1962 жылдың жаңа жылы болатын. Тап

Анамыздың руы Жиенейдің Қабаны. Ауылының аты бұрын Жанкент, одан №6 ауыл, қазір Оркентеу. Нағашы әкеміз Күміс – Төртқараның Матайы. Аштықты да, жоқшылықты да көп көрген кісілер. Әкеміз өзінен үш, бәйбішелерден сегіз баланы өзі бағып-қағып жеткізіпті. Өткен жылдары Қайырбек ағам екеуіміз жиендеріміз бен бала-шағамызды ертіп, әкеміздің басына барып, зиярат етіп қайттық. Анамыздың апасы Маржан 1971 жылы Қызылорда қаласындағы Шара деген қызының қолында қайтыс болды.

Сол кездегі ел ағаларының бірі – облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Сәлімгерей Токтамысовқа Аралдан обкомға бөлім меңгерушісі қызметіне ауысқан әкеміз жанажылдық дастарқаннан дәм татуға қолқа салады. Бұл 1962 жылдың жаңа жылы болатын. Тап

Әділбек ЕСЕТОВ

/// ЖЕҢІС – 81

Тарих деген тағылым танбасы секілді. Өткен өшпейді, бар нәрсе бағаланады. Бұл да бір бағалы бұйымға ұқсайды.

Ұлы Жеңіс ұмытылған жоқ, жанкиярлық ерлік пен жасампаз елдіктің үлгісі әлі маңызды. Талай боздаққа туған жердің топырағы бұйырмады, талай тағдыр жарым-жан қалды, майданнан тірі қайтқанның да жаны жаралы еді. Сол соғыстың жарасы жазыла қояр ма екен, тәйірі?

Садық әкеге де Отан деген ыстық мекенді қорғау міндеті жүктелді. Сондықтан 1943 жылы III Беларусь майданының құрамына қосылды. Өзі сапер, шені бөлімше командирі ретінде ол Балтық бойындағы Гранс қаласын азат етуге араласты. Осал жау жоқ, қалаға кірер қай қақпаның да аузын миналап тастаған. Бір қадам жасау мұң. Ажал құшу аяқ астынан.

Екі мәрте Кеңес Одағының батыры, армия генералы И.Черняховскийдің тікелей бақылауында болған «Кенигсберг операциясы» жауға тұтқиылдан тап берудің аса шебер шабуылы еді. Бірақ көсіле шабуыл жасауға кедергі бар.

Қалың әскерді толық құрамда кіргізу үшін көпір беткей мен тас жолды минадан тазалау қажет. Бұл танк бригадасын тежеп, шабуылды шектеп тұр. Айтуларына қарағанда, жаудың күші басым, қаһар-айбаты да жантүршігерлік секілді. Оның бұғауын бұзатын тек осы төте тас жолмен соққылау ғана.

Мұндай жауапты тапсырманы жауапкершілігі мол жалаугер жауынгерлер атқара алады. Бұған сержант Садық Жұмағұловтың саперлер бөлімшесі таңдалды. Оның таңдалуы тектен-тек емес, бұған дейін бірнеше операцияны орындау шеберлігі шынайы бағасын алған. Сондықтан сақа Садыққа сенім артып отыр.

Бөлімше қою қараңғылықты жамылып, құрал-сайманын асынып, дереу аттанды. Өрбір аттам жер қауіпті, бір миға бірнеше жауынгерді жаралауы мүмкін. Сол себепті төңіректі толық тексермей болмайды. Әлсін-әлсін жаудың жарық беретін салюті атылса, бұлар жерге жата қалады. Адамның қарасын жасырып әлек.

Жиырма жасында мектеп директоры болған Садық қол астындағыларды баласындай көреді, оларды сергек болсын деп сақтандырып қояды.

– Абай болындар, өмірлерің алда!

Мұнысы олар оқыс қимыл жасамасын дегені.

– Командир, айтқаныңыздай болады, – дейді сарбаздар.

Алыстан көмескіленіп көпір көрінді. Діттеген жер тағанынан сегізген Садық Жұмағұловтың ендігі мақсатты мезелеп алды.

– Бауырлар, алдымызға аз жер қалды деп асығыстық жасамайық. Ұқыпты, сақ болындар, – деді істік темірді қара жерге қадап жатып.

Бөлімшеге айтылған әрбір бұйрық күткендегідей орындалып, адам шығынына жол берілмеді. Аумақтағы соңғы мина залалсызданып, олар таң сөз бере отрядқа орады.

– Саулығыңды тілеймін, жолдас капитан. Сіздің тапсырманың бойынша мина даласы тазартылды, – деді сержант өз рапортында.

– Жарайсын, Жұмағұлов! Бөлімшенің батыл қадамына алғыс жазайламын!

– Кеңес Одағына қызмет етемін!

Осы сәтті асыға күткендей әскерлер де дайын екен, дереу шабуылды бастап жіберді. Гүрс-



ЖҰМАҒҰЛОВТЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ЖОЛЫ

Гүрс зеңбірек соққысынан құлақ тұнады. Танкті ықтап, жаю әскер алға жылжып барады. Ал артиллерияның екпіні күшті, еселеп соққы жасауда. Әбден амалы таусылып, зеңбіректен зрезап болған немістер тым-тырақай қашты. Өлгені өлді, тірісі орманға жасырылды. Осылайша Шығыс Пруссиядағы қамалдың тас-талқан шықты. Бұл кеңестік әскерлерге рух берген жеңіс еді.

Ерен ерліктің үлгісін көрсеткені үшін Садық әкемізге «Кенигсбергті алғаны үшін» медалі табысталды. Сөйтіп кеудесін жарқыратып тұрған «Отан соғысы» орденіне тағы бір медаль қосылды. Жұмағұловтың жауынгерлік жолында мұндай ерлік дастаны талай шертілуге тиісті.

Майдангер мұғалім 1946 жылы елге оралды. Туған жердің топырағы қандай ыстық десенші, айқара құшақ ашқан бауырлары, туыстары оны батыр деңгейінде бағалап бақты. Қан майданнан аман оралу бір бақыт, ағайынның арасы мың бақыт ғой, қуанышпен қауышқан қауым сарбаз Садықтың бұл сәтті қадамын құт санады. Елге ұстас ауадай қажет, кәсіби маман жетіспейді. Соны себеп етіп, оны қалқап жүр.

Бейбіт өмірде ол Ақшатау, Райым, Қамбаш ауылдары мектебінде мұғалімдік қызметін жалғастырды. Оқушылар арасында мектеп жасынан өтіп кеткен балалар да бар. Көбісі балықшылардың балалары. Әкелері айлап айдын жағалап кетеді, шешесіне қолқанат болағын үйде баладан басқа кім бар? Сондықтан мектеп табалдырығын кештеу аттауға мөжбүр.

Ал үкіметтің тапсырмасы бойынша жаппай білім алу керек, сондықтан селсөветтегі тізімнен мұғалім үй-үйді аралап, оқушы жиналды. Осылай қауыр жұмыс қолды байлап, уақыт жылжып жатты.

Жиырма үш жастағы Садықты жеңелері жиі мазалай бастады. «Бұлай саяқ жүргенің жараспас, қызметкер жігітке қызметші қыз көзге» дейді олар. Бойдақ өмір өзіне де ұнамайды. Бірақ көңілдегі кісіні жеңелеріне әзірге ашып айта алмайды. Ол күпия күйде қалып келеді.

Талдырмаш қыз Төлеген Иманалина – 1924 жылы Қамбашта туып, 1941 жылы осы ауылдағы орта мектепті үздік бітірген тұлға. Соғыстың ланы әрі қарай оқуына мұрша бермеді. Десе де зерек те ақылды қызды мектеп дирекциясы мұғалім етіп қалдыруды ұйғарады. Оған негіз қыздың қабілеті, барлық пәнге сауаттылығы және оқушылар арасында өте беделді болуы еді. Ұстаздық жолы енді басталса да қысқа уақытта білім беру әдістемесі мен оқушылардың үлгерімі ерекше көрсеткішке ие болды. Басқасын былай қойғанда, тәжірибелі ұстаздардың тәлім-тәрбиесінен басып озы. Осы жетістік оның озық орнын, білімді, еңбекқор, ұқыпты қасиетін танытты. Мектептің оқу ісінің меңгерушісі лауазымына тағайындалуына осы ерекшеліктері есепке алынды. Жаңа кызмет өрімдей қызды өте жігерлендірді, мектепте білім сапасының артуына айрықша еңбек сіңірді. Ал 1944 жылы небәрі жиырма жасында мектеп директоры болуы ауыл үшін айтарлықтай жаналық еді. Оны жас деп емес, интеллегенция өкілі ретінде қабылдады. Білім ұясының тарихындағы төртінші директордың біліктілік санаты жана дәурдің педагогі деген атқа лайықты еді. Мектеп табалдырығын енді аттаған жас буынның дүниетанымын кеңейтіп, тұлғалық қасиеттерін шыңдай отырып, олардың білім алуына, дамуына бағыт беріп, болашаққа сеніммен қадам басуына жол көрсететін тұлға айналып.

Абыройлы арудың атақ-даңқы дүрділеп тұрғанда жігіт Садықтың жүрегі қалай жібімесін, ағайынға айтып, құда түсті. Сөйтіп 1948 жылы олар отау құрды. Осы жылы жана түскен келін Райым орталау мектебінде директор, кейін отбасылық жағдайға байланысты Қамбаш және Бөген мектептерінде мұғалім болды. 1948 жылы партия қатарына қабылданып, 1965 жылы ерен еңбегіне орай «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағына ие болды.

Ерін сыйлаған әйелді елі де сыйлайды ғой. Ол жоғары қызметтен гөрі жолдасының өсу жолы қалыптасқанын қалады. Сон-

дықтан өзін ерден төмен ұстады, отбасының бақытын биік қойды. Десек те 1961 жылы бөгендіктер Төлеген апайды ауылдық кеңестің депутаты етіп сайлады.

Садық Жұмағұлов Арал ауданындағы ауылды азаматтың бірі болды. Оны көпшілік ұстаздардың ұстазы, директорлардың кураторы деп дәріптейтін. Қатардағы мұғалімнен оқу ісі жөніндегі орынбасар деңгейіне жетіп, қасиетті мамандықтың туын түсірмей, тұғырын тіктеп, тәлімін сндріп, тағылымын оздырып, жыл сайын жыл қысындай жас тұлғекті ұшыра отырып, жаңа буынды баласындай бауырына басып келді. Сөйтіп физика-математика пәні бойынша кәсіби маман ретінде білім игілігінің берекелі иесіне айналды.

Садық Жұмағұловты 1967-1986 жылдар аралығында ширек ғасыр бойы №20 Бөген орта мектебінің директоры қызметін атқарды. Жәй басқарған жоқ, өзіне ұқсаған математиктер шоғырын шығарды. Облыста бірінші болып ӘВМ жүйесі осы мектепте тәжірибеге енгізілді. Білім сапасы артып, алтын медаль иегерлері өсті. Аудандағы ең үздік мектеп атанып, білім нәтижесімен көш бастап тұрды.

Әрине, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі орта мектепті үздік бітірген тұлға. Соғыстың ланы әрі қарай оқуына мұрша бермеді. Десе де зерек те ақылды қызды мектеп дирекциясы мұғалім етіп қалдыруды ұйғарады. Оған негіз қыздың қабілеті, барлық пәнге сауаттылығы және оқушылар арасында өте беделді болуы еді. Ұстаздық жолы енді басталса да қысқа уақытта білім беру әдістемесі мен оқушылардың үлгерімі ерекше көрсеткішке ие болды. Басқасын былай қойғанда, тәжірибелі ұстаздардың тәлім-тәрбиесінен басып озы. Осы жетістік оның озық орнын, білімді, еңбекқор, ұқыпты қасиетін танытты. Мектептің оқу ісінің меңгерушісі лауазымына тағайындалуына осы ерекшеліктері есепке алынды. Жаңа кызмет өрімдей қызды өте жігерлендірді, мектепте білім сапасының артуына айрықша еңбек сіңірді. Ал 1944 жылы небәрі жиырма жасында мектеп директоры болуы ауыл үшін айтарлықтай жаналық еді. Оны жас деп емес, интеллегенция өкілі ретінде қабылдады. Білім ұясының тарихындағы төртінші директордың біліктілік санаты жана дәурдің педагогі деген атқа лайықты еді. Мектеп табалдырығын енді аттаған жас буынның дүниетанымын кеңейтіп, тұлғалық қасиеттерін шыңдай отырып, олардың білім алуына, дамуына бағыт беріп, болашаққа сеніммен қадам басуына жол көрсететін тұлға айналып.

Абыройлы арудың атақ-даңқы дүрділеп тұрғанда жігіт Садықтың жүрегі қалай жібімесін, ағайынға айтып, құда түсті. Сөйтіп 1948 жылы олар отау құрды. Осы жылы жана түскен келін Райым орталау мектебінде директор, кейін отбасылық жағдайға байланысты Қамбаш және Бөген мектептерінде мұғалім болды. 1948 жылы партия қатарына қабылданып, 1965 жылы ерен еңбегіне орай «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағына ие болды.

Ерін сыйлаған әйелді елі де сыйлайды ғой. Ол жоғары қызметтен гөрі жолдасының өсу жолы қалыптасқанын қалады. Сон-

дықтан өзін ерден төмен ұстады, отбасының бақытын биік қойды. Десек те 1961 жылы бөгендіктер Төлеген апайды ауылдық кеңестің депутаты етіп сайлады.

Садық Жұмағұлов Арал ауданындағы ауылды азаматтың бірі болды. Оны көпшілік ұстаздардың ұстазы, директорлардың кураторы деп дәріптейтін. Қатардағы мұғалімнен оқу ісі жөніндегі орынбасар деңгейіне жетіп, қасиетті мамандықтың туын түсірмей, тұғырын тіктеп, тәлімін сндріп, тағылымын оздырып, жыл сайын жыл қысындай жас тұлғекті ұшыра отырып, жаңа буынды баласындай бауырына басып келді. Сөйтіп физика-математика пәні бойынша кәсіби маман ретінде білім игілігінің берекелі иесіне айналды.

Садық Жұмағұловты 1967-1986 жылдар аралығында ширек ғасыр бойы №20 Бөген орта мектебінің директоры қызметін атқарды. Жәй басқарған жоқ, өзіне ұқсаған математиктер шоғырын шығарды. Облыста бірінші болып ӘВМ жүйесі осы мектепте тәжірибеге енгізілді. Білім сапасы артып, алтын медаль иегерлері өсті. Аудандағы ең үздік мектеп атанып, білім нәтижесімен көш бастап тұрды.

Әрине, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі орта мектепті үздік бітірген тұлға. Соғыстың ланы әрі қарай оқуына мұрша бермеді. Десе де зерек те ақылды қызды мектеп дирекциясы мұғалім етіп қалдыруды ұйғарады. Оған негіз қыздың қабілеті, барлық пәнге сауаттылығы және оқушылар арасында өте беделді болуы еді. Ұстаздық жолы енді басталса да қысқа уақытта білім беру әдістемесі мен оқушылардың үлгерімі ерекше көрсеткішке ие болды. Басқасын былай қойғанда, тәжірибелі ұстаздардың тәлім-тәрбиесінен басып озы. Осы жетістік оның озық орнын, білімді, еңбекқор, ұқыпты қасиетін танытты. Мектептің оқу ісінің меңгерушісі лауазымына тағайындалуына осы ерекшеліктері есепке алынды. Жаңа кызмет өрімдей қызды өте жігерлендірді, мектепте білім сапасының артуына айрықша еңбек сіңірді. Ал 1944 жылы небәрі жиырма жасында мектеп директоры болуы ауыл үшін айтарлықтай жаналық еді. Оны жас деп емес, интеллегенция өкілі ретінде қабылдады. Білім ұясының тарихындағы төртінші директордың біліктілік санаты жана дәурдің педагогі деген атқа лайықты еді. Мектеп табалдырығын енді аттаған жас буынның дүниетанымын кеңейтіп, тұлғалық қасиеттерін шыңдай отырып, олардың білім алуына, дамуына бағыт беріп, болашаққа сеніммен қадам басуына жол көрсететін тұлға айналып.

Абыройлы арудың атақ-даңқы дүрділеп тұрғанда жігіт Садықтың жүрегі қалай жібімесін, ағайынға айтып, құда түсті. Сөйтіп 1948 жылы олар отау құрды. Осы жылы жана түскен келін Райым орталау мектебінде директор, кейін отбасылық жағдайға байланысты Қамбаш және Бөген мектептерінде мұғалім болды. 1948 жылы партия қатарына қабылданып, 1965 жылы ерен еңбегіне орай «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағына ие болды.

Ерін сыйлаған әйелді елі де сыйлайды ғой. Ол жоғары қызметтен гөрі жолдасының өсу жолы қалыптасқанын қалады. Сон-

дықтан өзін ерден төмен ұстады, отбасының бақытын биік қойды. Десек те 1961 жылы бөгендіктер Төлеген апайды ауылдық кеңестің депутаты етіп сайлады.

Садық Жұмағұлов Арал ауданындағы ауылды азаматтың бірі болды. Оны көпшілік ұстаздардың ұстазы, директорлардың кураторы деп дәріптейтін. Қатардағы мұғалімнен оқу ісі жөніндегі орынбасар деңгейіне жетіп, қасиетті мамандықтың туын түсірмей, тұғырын тіктеп, тәлімін сндріп, тағылымын оздырып, жыл сайын жыл қысындай жас тұлғекті ұшыра отырып, жаңа буынды баласындай бауырына басып келді. Сөйтіп физика-математика пәні бойынша кәсіби маман ретінде білім игілігінің берекелі иесіне айналды.

Садық Жұмағұловты 1967-1986 жылдар аралығында ширек ғасыр бойы №20 Бөген орта мектебінің директоры қызметін атқарды. Жәй басқарған жоқ, өзіне ұқсаған математиктер шоғырын шығарды. Облыста бірінші болып ӘВМ жүйесі осы мектепте тәжірибеге енгізілді. Білім сапасы артып, алтын медаль иегерлері өсті. Аудандағы ең үздік мектеп атанып, білім нә

/// «ҚЫЗЫЛОРДА НЬЮС» – 15

«Қазіргі аудитория тез қабылдайды, эмоция мен мағына іздейді»



Суреттерді түсірген Н.Нұржанбаева

– Айжан Жұмабекқызы, «Қызылорда Ньюс» ақпараттық агенттігінің әлеуметтік желіде желкен көтеріп, жаңалық таратқанына 5 мамыр күні тура 15 жыл толады. Құтты болсын!

– Рахмет!
– Әуелгіде интернет газет, бертін келе сайт, онан кейін ақпараттық агенттікке айналған жаңалық жарысының аз-кем тарихы екеуімізге аян. Өйтсе де осы ақпарат көзінің негізін қалап, өзегіне қан жүгірткен өкілдер еңбегін ұмытуға болмайды.

– Әлемдік медиатрансформация мәселелерін зерттеушілер бөлімше веб-сайтына көшу процесін кейінгі 15 жыл деп қарастыратынын ескерсек, жалпы біздің де бұл ақпарат айдынында желкен керген жылдарымыз шамалас болады екен. Бұл ретте интернет газет идеясының авторы, негізін қалаушы аға бұрын Аманжол Сақыұлы, агенттіктің алғашқы бас редакторы Елібай Жікібаев, оператор Насреддин Бахманов, одан кейінгі жылдарда шығармашылық топты шыңдаған Мұрат Жетпісбаев, Әлібек Байшүленов, Дәуіржан Елубаев, Жәнібек Исаев, сайт әкімшісі Бақытжан Салмурза, кейінгі толқындардан Наурызжан Сауяев, Назерке Санязова, Дәурен Омаров, Нұрсұлтан Мықтыбай, Мөлір Снадинқызы, Әзиз Батырбеков есімдерін біз әрқашан мақтаншып айтмыз. Әрбіріннің өзіндік қолтаңбасы бар. Қазақ журналистикасындағы жана медианың, яғни ақпарат таратуында басқа көзінше қарағанда мүмкіндігі зор медиатехнологияның алғашқы қарлығаштарының бірі ретінде танылуы, тұрақты оқырман қалыптастыруы, сәт сайын мың құбылған замана көшіне бейімделуі мұның барлығы да жылдары жылға жалғап, сабақтасып отырған үлкен шығармашылық ұжымның еңбегі деп бағалаймыз.

– Әлеуметтік желіде ақпарат таратуында түрлі тәсілі қолданылып жүр. «Қызылорда Ньюс» қандай жолдан өтті?

– Интернет газетке бастапқы жылдары Жарғы бойынша екі тілде 15 ақпарат салыну қажет болса, сол 15 ақпаратты табуың өз оңай болмаған жолдардан өтті. Себебі ол кездері барлық ақпарат газеттердің шығу күніне ыңғайланып, асықпай, баппен жазылатын. Елібай Зұлхарнайұлының еңбегімен Ішкі істер

департаменті, төтенше жағдайлар және денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметімен тығыз байланыс орнату арқылы күнделікті жаңалықтар жасау қызметі жолға қойылса, одан кейінгі жылдары күнделікті оқырман санын көбейту жұмыстары маңызды болды. Ақпараттық агенттік болып тіркелген 2014 жылдары мультимедиалық элементтерді пайдалана отырып, ұзақ мәтінді лонгридтер мен фоторепортаждар ұсынудың да өз қызығы бар. 2018 жылдары әлеуметтік желілермен жұмыс істеу қолға алынып, SMM нұсқаулықтары үйретілді. 2019 жылы жаңартылған, жетілдірілген, дизайны заманауи веб-сайт іске қосылды. Аудиоподкастар жасалды. Қазір видеоконтент, түрлі медиаблогтар медианың жаңашылдығы ретінде қабылданып отыр. Мұнымен қоса агенттіктің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларын үздіксіз дамыту, күнделікті қысқа рилстар арқылы оқырманды ұстап тұру басты назарда тұрады. Бұрын қысқа жазбалар басқа сайттардан көшірілетін болса, қазір камера, дрон көмегімен бейнежазбаларды өзіміз түсіріп, арнайы жабдықталған студияда монтаждап, өнім ретінде ұсыну мүмкіндігінің болуы кәсіби табысымыз деп есептейміз. Осының барлығы да агенттіктің ақпаратты жылдам әрі сапалы таратуы сан түрлі жолдарынан өтіп келе жатқанын көрсетеді.

– Адағы бесжылдықтың бәсекесі неміздейді?

– Мәнінше, ақпараттық агенттіктің алдағы бесжылдық жоспары жаңалық тарату деңгейінен жоғары болу керек. Қазіргі медианарықта тек жылдамдық жеткіліксіз, сенім, сараптама және технологиялық икемділік шешуші роль атқарады. Демек сенімді ақпарат көзі, сараптамалық орталық және мультимедиалық платформа ретінде түсіндіретін, талдайтын, бағыт беретін медиа болуымыз өте маңызды. Өйткені қазіргі аудитория тез қабылдайды, визуалды ақпаратты жақсы көреді, эмоция мен мағына іздейді.

Қалай дегенде де әрбір бесжылдықтың өзіне тән көтеретін жүгі, дамытын жолы болады. Сол жолда әріптестер еңбегі абыройлы бола бергей деп тілеймін.

Әңгімелескен
Қ.ӘБШ

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.



E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Сейтназарова Манат Кожаявна (лицензия №12019101, 20.12.2012 ж.) 2025 жылдың 31 желтоқсанында қайтыс болған азаматша Молдахожаяева Батис Қуниқуловнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Ақмешіт ж/а, 1/1, тел.: 8 705 189 82 21.

/// ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

Биыл тоғызыншы рет ұйымдастырылған, 37 шетелдік, 43 отандық баспаның басын қосқан, Орталық Азиядағы ең ауқымды мәдени-ағартушылық шаралардың біріне айналған «Astana Eurasian Book Fair – 2026» халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесінде оқырман үшін жаңалық көп болды. Соның бірі – жерлесіміз Нұрсұлтан Мықтыбайдың «Ақ Жайықтың көз жасы» атты кітабының таныстырылымына зиялы қауым көп жиналды. Өйткені бұл кітап Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың және «Құрмет», «Отан» ордендерінің иегері Ақшұтап Бақтыгереева публицистикасына арналған тұңғыш әрі жан-жақты зерттеу еңбегі болып отыр. Тұсаукесер рәсіміне келушілер автордан бөлек, ақынның өзімен жүздесу құрметіне ие болды. Ал кештің тізгінін танымал жазушы Жадыра Шамуратова ұстады.

«АҚ ЖАЙЫҚТЫҢ КӨЗ ЖАСЫ»



«Фоллант» баспасынан әдемі дизайнмен жарық көрген аталған кітаптың өзіндік үш ерекшелігі бар: біріншіден, қалың оқырманы сонау альпысыңшы жылдардан бері қазақ әйелінің бейнесін асқақтатқан поэзиясы ерекше сыршылдықпен, сезімталдықпен өрілген ақын деп таныған адамның публицистикалық қыры көрінген еңбек. Екіншіден, атауы ерекше: әдетте біз көз жасы дегенде қуаныштың көз жасы деген тіркес еске түседі. Бұл жерде Ақ Жайық жағрапиялық атау ғана емес, ол – ел, халық, оның арғы жағында сол елдің мұны мен мұраты, шері мен шамырқанысы жатқаны анық. Сонымен бірге кітаптың екі авторы бар деуге болады. Біріншісі – ұлт тағдыры туралы қалам тербеген ақынның өзі болса, екіншісі – қаламгердің әр жылдары түрлі басылымдарда жарық көрген макалаларын негізге ала отырып, тақырыбының өзектілігі мен айтар ойы, ұлттық мүдде мен болмыс, қазіргі қазақ қоғамындағы рухани құндылықтар, тіл тағдыры, ұлттық тәрбие мен экологиялық мәселелер турғысынан жан-жақты талдап, саралаған, публицистік азаматтық ұстанымы мен қаламгерлік үнін, ұлттық келбетімізді сақтау жолындағы күресін қарапайым тілде баяндап, ақынның өткір пікірлері мен пайымдауларын сараптаған Нұрсұлтан Мықтыбай.

Руханият пен әлеуметтік мәселелер жайын тоғыстырған әдемі әдеби жазылымға алғаш болып сөз алған қоғам қайраткері Ақшұтап Бақтыгереева айрықша тебіреністе отырғанын жеткізді.

– «Ақ Жайықтың көз жасы» деген менің мақалам еді. «Неге олай деп жаздыңыз?» деп сұрап жатыр жана жастар жағы. Ақ Жайықтың қарапайым түсінікте көзі жоқ өзен екені рас. Бірақ Ақ Жайық және қазақтың басқа да жерлері жылайтыны рас. Оны неге жасырамыз? Қалай жылайды Ақ Жайық? Ол жерде 40 жыл бойы полигон жасады, 40 жыл бойы ядролық жарылыстар болды. Жәңгір хан отырғызған сынсыған орман бір күнде жоқ болды. Қырық жыл бойы баққан малы арам өлді, баласы ауру туды. Шын мәнінде, Ақ Жайықтың жыламаған кезі жоқ. Әлі де буырқанып, ішінен тынып, ебіл-себіл болып жатыр. Менің бір танғалғаным, студент кезінен жанымда жүрген, әдебиетке құмар, сонау Сырдың бойында қазіргі аталы сөзіне сусындап өскен Нұрсұлтан балам менің барлық жазғандарымды, тіпті өзімде жоқ макалаларымды жинап, оны зерттеп, зерделеп, әбден саралапты. Ол мақала неге жазылды, астарында не жатыр, оқырманға бәрін қарапайым тілде түсінікті етіп ұсынып отыр. Бұл кітаптың ішінде ұлт тағдыры бар, қазақтың басынан кешіп келе жатқан тауқыметі жатыр. Мұнда «Үш мың шақырым жазылып жатқан темір жолдың бойында әлі күнге дейін самса сатып жүрген қазақ әйелдерін көремін, солардың бағы қашан ашылады?» де-

ген жанайқайым бар. Иә, сол жылдар қазақ қызы қараусыз қалып, өз бетінше өсті, аналары базар жағалап кетті. Мектеп ашу, тәрбие сағатын жүргізу менің арманым еді. Оны қолдаған кім бар? Қоғамдағы болып жатқан келіссіздіктер өлеңге сыймаған кезде публицистика етіп жаздым. Аға ұрпақ туралы кейінгі буынның қалам тербеуі, жастардың көңіл бөлуі – мен үшін қуаныш. Әсіресе, Нұрсұлтаннның осындай үлкен еңбек жасағанына ана ретінде алғысым шексіз, – деді ақын ағынан жарылып.

Жалпы кейінгі буынның алдыңғы буынды іздеуі, оның шығармашылығын өзі қызығып зерттеуі, жазғанына құрметпен қарауы сирек жағдай емес. Дегенмен, автор Н.Мықтыбай бұл кітапты жазуды қолға алуына не түрткі болғанын ерекше естеліктермен жеткізді.

– Шынымды айтсам, бұл кітап осыдан 5-6 жыл бұрын жарық көруі тиіс болатын. 2017 жылы Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Ақшұтап Бақтыгереева публицистикасындағы ұлттық таным мәселелері» атты дипломдық жұмыс қорғадым. Ол ақын публицистикасының бір бөлігі ғана болатын. Содан бастап апамның көсемсөздеріне деген қызығушылығым басталды. Бұрын ақын ретінде ғана танытын жанды енді публицистік ретінде тани бастадым. Қаламгердің замана шындығын, қоғам келбетін тап басқан макалалары мені қатты толғанды. Сол дипломдық қорғауға зерттеу нысаны – Ақшұтап апамның өзі келіп қатысты. Қорғау жұмысына зерттеу нысанының келуі бұрын-соңды болмаған жаңалық еді. Сонда балалығым ба, әлде Алла аузыма сөз салды ма, апам көптің көзіне: «Сіздің публицистикаңызды терінінен, мүлдем басқа арнада зерттеп кітап етіп шығарамын» деп уәде берген едім. Сол уәдемі 9 жылдан кейін енді орындап тұрмын. «5-6 жыл бұрын жарық көруі керек еді» деп отырғаным осы. Ең болмағанда, қаламгердің 80 жас мерейтойына орай шығарамын деп ойлағанмын. Одан да қалыс қалды. Ол жалқаулығым емес, публицистің әлі де жаза түсетініне, ұлттық мәселелерді қаузытынына сенгендігімізден еді. Бірақ «ештен кеш жақсы» дейтін халықпыз ғой. Осы тұста кітапты шығарып, көпшілікке ұсынған «Фоллант» баспасына зор ризашылығымды білдіремін, – деді ол.

Осыдан соң кеш қонағы Ақшұтап Бақтыгереева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ТҰРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, белгілі жазушы, кинодраматург, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының, «Айбоз» ұлттық сыйлығының лауреаты Айгүл Кемелбаева кітаптың тұсауын кесіп, ақ жол тіледі.

Салтанатты рәсімнен кейін сөз алған қаламгерлер ұлттық мүдде, тіл тағ-

дыры, рухани құндылықтар мен экология тақырыптарын қозғаған ақын публицистикасының өзектілігі мен қоғамдық маңызына тоқталды.

– Ақшұтап қаламынан туған мінсіз дүниелер – оның қоғам қайраткері ретіндегі азаматтық болмысын, ұлт алдындағы жауапкершілігін жан-жүрегінен тулап шыққан шындыққа суарылған сөздері арқылы айқындайтын өзіне өзгеше әлем. Қоғамдық пікір қалыптастырудағы рөлі өз алдына, ағартушылық және тәрбиелік мәні, қоғамның көзі мен құлағындай халық пен билік арасындағы алтын көпір іспетті әлеуметтік бақылау сипаты, өз дәуірінің үніне айналуы тұрғысынан оның көшелі, зерделі макалалары қоғамдық, әлеуметтік маңызға ие. Ақын жазбаларынан ұлттық рухты айқын танытуға деген ұмтылыс, зор құштарлық – ынтызарлық сезіледі. Ақшұтап публицистикасын ақпарат тарату құралындағы кезекті мақала емес, қоғамдық ойдың айнасы және тарихи құжат ретінде зерттеу нысанына айналдырып отырған Нұрсұлтан Мықтыбайдың қолыңыздағы «Ақ Жайықтың көз жасы» атты кітабы теориялық негіздемесімен,

жазушының тілдік ерекшелігін жүйелі, жан-жақты, толық талдап зерделеуімен қымбат. Бұл – Ақшұтап Бақтыгереева жазбаларының қоғамдық сананы қалыптастырушы зияткерлік күш есебінде ғылыми ортада мойындалуы деген сөз. Журналистика, филология, саясаттану ғылымдарының түйіскен жеріндегі күрделі процесс саналатын бұл көсемсөздер – газет-журнал материалдары арқылы белгілі бір кезеңдегі қоғамның көңіл-күйін, әлеуметтік мәселелері мен қоғамдық-саяси көзқарасын айқындайтын көшбасшылық, стратегтік кемел идеяларға не дәуір даусы, газет құбылғанамасы. «Менің қаламым – тек сезімнің құралы емес, ол – шындықтың қаруы» деген ұстаным Ақшұтап көсемсөздерінің темірқазығы, бөломыртықасы іспеттес. Қоғамдағы оқиғаларға бейжай қарамайтын, ақиқат шындыққа суарылған өткір ойлар, шынайылық пен қайсар мінез, батылдық пен қаһармандық рух сунғыла оқырманды ойландатады. Бұл батылдық, жігерлік болмаса, Алланың ақ жолында жүрмес, адамшылтықтың түзу жолын ұстанбаса, ол қалайша ақиқатты іздер еді, қалайша ұлт сөзінің айнасындай алғасуыз ақтарылып жазар еді?! – деді жана кітап жайында толымды пікір білдірген профессор Серік Негимов.

Ал ақын Ұлықбек Есдәулет кезінде Ақшұтап Бақтыгерееваның қайраткерлік бейнесі туралы ұтымды сөз айтқан Әбіш Кекілбаевтың баяндамасын еске алып, мұндай адамның тұлғасын, бейнесін ашытын дүниелер кейінгілер үшін керектігін алға тартты. Жазушы Айгүл Кемелбаева болса: «Нұрсұлтан Ақшұтап апайдың азаматтық позициясын, ер азаматтардан кем соқпайтын қайраткерлігін зерттеп-зерделеп жазған екен. Бұл кітап ретонанс тудырады, өйткені қазіргі геосаясат үстем заманда тоһышыл, бейқам қазақ қоғамы үшін маңызды ерекше зор деп білемін. Үлкен әдебиетте, проза, поэзия жанрында өзіне ғана тән дара үнін болуы биік бағаланса, ол ерекшелік Ақшұтап ақынның шығармашылық қазынасында бар. Ақшұтап апай – менің де кейіпкерім. Мен ақын өмірінен алып екі өсімге жаздым және Ақшұтап деп өз өсімімен жаздым. Нұрсұлтан Мықтыбайдың мына кітабы деректі, зерттеу жанрының еңішісі болса, менің көркем проза. Әдетте шығармашылық тұлғалар туралы зерттеулер, макалалар жазылады. Мен ұмытыла бастағандай сезілетін тенденцияны жаңғыртып, дарынды адамдар туралы көркем проза жаздым. Мысалы, осы залда отырған Ұлықбек Есдәулет, Серік Негимов, Дәулеткерей Кәпұлы тәрізді шығармашылық иелерінің прозалық образын неге жасамасқа?!» деп жас жазушыларға ерекше ілде ұсынды.

Жалпы бұл тұсауыкерге Алматы, Орал қалаларынан арнайы келіп қатысқан жандардың қарасы қалың болды. Солардың бірі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері, филология ғылымдарының кандидаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры, әнші, композитор Сәуле Жанпейісова А.Бақтыгерееваның сөзіне жазылған «Кіммін мен?», Н.Мықтыбайдың сөзіне жазылған «Ақшұтап – ақ шағала» атты өзінің авторлық әндерін орындап, кештің ажарын аша түсті.

Әдеби жиынның соны автограф-сессияға ұласты. Ақын мен автордан қолтаңба аламыз дескен оқырмандар легі бір толастамады.

Ақшұтап Бақтыгереева

Астана

Ақшұтап Бақтыгереева

Астана

Ақшұтап Бақтыгереева

Астана

Ақшұтап Бақтыгереева

Астана

Ақшұтап Бақтыгереева

Астана

Ақшұтап Бақтыгереева

Астана

Ақшұтап Бақтыгереева

Астана

Ақшұтап Бақтыгереева

Астана

Ақшұтап Бақтыгереева

Астана

Ақшұтап Бақтыгереева

Астана

Ақшұтап Бақтыгереева

Астана

Ақшұтап Бақтыгереева

Астана

Ақшұтап Бақтыгереева

Астана

www.facebook.com/syrboiy.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялығар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Султан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboiy@yandex.kz / www.syrboiy.kz

Таралымы 21038

Тапсырыс №741

Кезекші редактор Айнур БАТТАЛОВА